

ISSN 2072-0297

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СПЕЦВЫПУСК

КОЛЛЕДЖА
УНИВЕРСИТЕТА
«БОЛАШАК»



Является приложением к научному журналу
«Молодой ученый» № 14 (200)



14.1
2018

16+

ISSN 2072-0297

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

Международный научный журнал

Выходит еженедельно

№ 14.1 (200.1) / 2018

СПЕЦВЫПУСК СПЕЦВЫПУСК КОМЕДЖА УНИВЕРСИТЕТА «БОЛАШАК»

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Ахметов Ильдар Геннадьевич, кандидат технических наук

Члены редакционной коллегии:

Ахметова Мария Николаевна, доктор педагогических наук

Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук

Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук

Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук

Абдрашилов Турганбай Курманбаевич, доктор философии (PhD) по философским наукам

Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук

Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук

Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук

Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук

Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук

Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук

Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук

Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук

Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук

Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук

Жураев Хуснидин Олтинбоевич, кандидат педагогических наук

Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения

Калдыбай Кайнар Калдыбайулы, доктор философии (PhD) по философским наукам

Кенесов Асхат Алмасович, кандидат политических наук

Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук

Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук

Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук

Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор

Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук

Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам

Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук

Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук

Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук

Матвиенко Евгений Владимирович, кандидат биологических наук

Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук

Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук

Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук

Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук

Паридинова Ботагоз Жаппаровна, магистр философии

Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук

Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук

Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук

Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук

Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук

Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук

Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры

Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук

Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук

Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

Журнал зарегистрирован Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций.

Свидетельство о регистрации средства массовой информации ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г.

Журнал размещается и индексируется на портале eLIBRARY.RU, на момент выхода номера в свет журнал не входит в РИНЦ. Журнал включен в международный каталог периодических изданий «Ulrich's Periodicals Directory».

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются. За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов. При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, *кандидат филологических наук, доцент (Армения)*

Арошидзе Паата Леонидович, *доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)*

Атаев Загир Вагитович, *кандидат географических наук, профессор (Россия)*

Ахмеденов Кажмурат Максutowич, *кандидат географических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)*

Бидова Бэла Бертовна, *доктор юридических наук, доцент (Россия)*

Борисов Вячеслав Викторович, *доктор педагогических наук, профессор (Украина)*

Велковска Гена Цветкова, *доктор экономических наук, доцент (Болгария)*

Гайич Тамара, *доктор экономических наук (Сербия)*

Данатаров Агахан, *кандидат технических наук (Туркменистан)*

Данилов Александр Максимович, *доктор технических наук, профессор (Россия)*

Демидов Алексей Александрович, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, *доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)*

Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, *доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)*

Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, *доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)*

Игисинов Нурбек Сагинбекович, *доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)*

Кадыров Кутлуг-Бек Бекмуратович, *кандидат педагогических наук, заместитель директора (Узбекистан)*

Кайгородов Иван Борисович, *кандидат физико-математических наук (Бразилия)*

Каленский Александр Васильевич, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Козырева Ольга Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Россия)*

Колпак Евгений Петрович, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Кошербаева Айгерим Нуралиевна, *доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)*

Курпаяниди Константин Иванович, *доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)*

Куташов Вячеслав Анатольевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Кыят Эмине Лейла, *доктор экономических наук (Турция)*

Лю Цзюань, *доктор филологических наук, профессор (Китай)*

Малес Людмила Владимировна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Нагервадзе Марина Алиевна, *доктор биологических наук, профессор (Грузия)*

Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, *кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)*

Прокопьев Николай Яковлевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Прокофьева Марина Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)*

Рахматуллин Рафаэль Юсупович, *доктор философских наук, профессор (Россия)*

Ребезов Максим Борисович, *доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)*

Сорока Юлия Георгиевна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Узаков Гулом Норбоевич, *доктор технических наук, доцент (Узбекистан)*

Федорова Мария Сергеевна, *кандидат архитектуры (Россия)*

Хоналиев Назарали Хоналиевич, *доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)*

Хоссейни Амир, *доктор филологических наук (Иран)*

Шарипов Аскар Калиевич, *доктор экономических наук, доцент (Казахстан)*

Шуклина Зинаида Николаевна, *доктор экономических наук (Россия)*

Руководитель редакционного отдела: Кайнова Галина Анатольевна

Ответственный редактор: Шульга Олеся Анатольевна

Художник: Шишков Евгений Анатольевич

Верстка: Бурьянов Павел Яковлевич, Голубцов Максим Владимирович, Майер Ольга Вячеславовна

Почтовый адрес редакции: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; http://www.moluch.ru/.

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый».

Основной тираж номера 500 экз., фактический тираж спецвыпуска: 16 экз. Дата выхода в свет: 25.04.2018. Цена свободная.

Материалы публикуются в авторской редакции. Все права защищены.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

На обложке изображен *И-Фу Туан* (1930) — американский географ китайского происхождения, один из основоположников гуманистической географии, автор концепции топофилии.

И-Фу Туан родился в 1930 году на Северной части Китая, в городе Тяньцзинь в семье дипломата. Из-за частых семейных переездов ему пришлось обучаться в трёх разных странах — в Китае, Австралии и на Филиппинах. А после окончания школы И-Фу Туан уехал в Великобританию. Получив степень магистра в Оксфорде, Туан переехал в Калифорнию, где поступил в аспирантуру Калифорнийского университета в Беркли. Именно в Беркли, очарованный природными красотами, молодой учёный стал задумываться над важностью мест для человека и пытаться соединить географию с философией и психологией. И-Фу Туан уезжал далеко в дикие края американского юго-запада и размышлял над своими гипотезами.

Преподавая в Индианском университете географию, И-Фу Туан ещё больше погрузился в исследование влияния природного ландшафта на психологию человека.

Вскоре он представил свою концепцию взаимосвязи природно-географических ландшафтов и особенности мировых религий, раскрыл классические определения понятий пространства и места; написал одну из своих самых известных и значимых работ «Топофилия», в которой обосновал связь человека и пространства, любовь человека к определенному месту, связь восприятия человеком ценностных характеристик ландшафта. В Висконсинском университете представил несколько крупных работ, в том числе книгу «Превосходство и привязанность: создание домашних животных», в которой рассмотрел подчинение человеком природы путём одомашнивания диких животных и за которую получил медаль Каллума и прозвище Маленький Принц Географии.

В 2012 году в городе Сен-Дье-Де-Вож на Международном географическом фестивале ему была вручена премия Вотрена Люда, претендующая на статус аналога Нобелевской премии в области географии.

Екатерина Осянина, ответственный редактор

СОДЕРЖАНИЕ

Алдабергенов А. ҚР Президентінің Жолдауларындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі.....1	Мырзанова М. И., Серібаева Ж. М., Рахметова А. К. Рухани жаңғырудың жарқын жолы14
Бақи А. П., Мыңбаева А. Қ. Білім беруді цифрландыру-жетістік кепілі..... 3	Насимов М. О., Паридинова Б. Ж. Мемлекет тарихындағы маңызды бағдарлама ...16
Бердібаева Г. Ғ. Рухани жаңғыру — табысқа бастар жол 4	Нурымбетова А. С. Қазақстан Республикасындағы жалдау шартының құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері 17
Дәукеева А. Қ., Байхадамова Ж. А. Болашаққа бағдар — рухани жаңғыру..... 6	Тажикова Ж. Ж., Календарова К. А., Қалжанова А. Қ. Елбасы Жолдауы — ұлт темірқазығы19
Елюбаева А. Н., Абдрей И. Ө. Рухани жаңғыру — табысты ел болуымыздың кепілі7	Тайжанов Л. Т. Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық мәселелері 20
Жалғасбаев А. О., Жубаниязова В. А. Білім саласы: кеше және бүгін 9	Узакова Б. Б., Бекмағанбетова Ж. Б. Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру жолдары23
Ибраев Г. М., Жаримбет Г. А., Нарымбаев К. Д. Российская и советская историография о восстании Кенесары Касымұлы 11	Шадай Г., Құдияр С. Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболит бұйымдарының технологиясы24
Кипшакбаев К. З., Каденова Г. С., Мырзанова М. И. Наурыз мерекесі жайындағы мәліметтер12	

КОЛЛЕДЖ УНИВЕРСИТЕТА «БОЛАШАК»

Колледж университета «Болашак» был создан в 2001 году, как колледж «Экономики и сервиса» при университете «Болашак» (государственная лицензия серия АА № 0000073).

С 10 сентября 2010 года колледж «Экономики и сервиса» при университете «Болашак» был переименован в Колледж университета «Болашак».

До сегодняшнего дня колледж возглавляли Л. В. Спасова, А. А. Енсепов, С. О. Бештенбекова, Ш. А. Досжанова.

В настоящее время директором колледжа является магистр философии Ботагоз Жаппаровна Паридинова.

Основная цель колледжа — подготовка конкурентно-способных и высококвалифицированных специалистов, обеспечить регион креативными специалистами, внести вклад в процветание города и области в социально-экономическом плане.

В 2014–2015 учебном году были заключены договора с местными предприятиями, учебными заведениями и областным управлением образования. Специальность 0506000 — «Парикмахерское искусство и декоративная косметика» перешел на дуальную систему обучения.

В 2017–2018 учебном году в рамках Программы развития продуктивной занятости массового предпринимательства по 3 рабочим специальностям 1401242 — «Мастер строитель широкого профиля», 0506012-«Парикмахер-модельер», 0402022 — «Исполнитель художественно-оформительных работ» было принято 70 студентов за счет средств местного бюджета. По данным специальностям типовые учебные программы и типовые учебные планы переходят в основу модельной компетентности.

Методическое и программное обеспечение преподавания дисциплин по специальности соответствуют требованиям государственного стандарта и выполняют 3 предметные цикловые комиссии:

1. ПЦК «Педагогические специальности».
2. ПЦК «Специальности обслуживания, права и искусства».
3. ПЦК «Технические специальности».

32 специальности колледжа обеспечены материально-технической базой в соответствии с требованиями государственного стандарта. В колледже имеются современные кабинеты и аудитории, компьютерные классы

подключены к сети Интернет, библиотека и читальный зал, учебные мастерские и спорт зал. Учащиеся проводят практические работы в лабораториях оборудованных современными новыми технологиями.

Достижения колледжа за последние годы:

2014 год — Благодарственное письмо за активное участие в реализации региональной молодежной политики Кызылординской области;

2015 год — Благодарственное письмо от управления образования Кызылординской области за активное участие в мероприятиях посвященных юбилею Ассамблеи народа Казахстана;

2015 год — Благодарственное письмо акима города за активное участие в праздновании Наурыз мейрамы;

2015 год — Обладатель Национального сертификата «Лидер отрасли-2015» национального бизнес-рейтинга, город Астана;

2016 год — Диплом департамента внутренних дел Кызылординской области в спортивном танце чирлидинг;

2016 год — Благодарность Молодежного ресурсного центра за вклад в реализации государственной молодежной политики региона;

2016 год — Диплом за 3 общекомандное место в областном турнире по национальной игре «тоғызқумалақ», проведенном в региональном центре физической культуры;

2016 год — Диплом Кызылординской областной универсальной научной библиотеки имени А. Тажибаева за лучшее представление в культурном мероприятии посвященном Дню единства народа Казахстана;

2016 год — Диплом Кызылординской областной универсальной научной библиотеки имени А. Тажибаева за показ казахской традиции в культурном мероприятии посвященном Наурыз мейрамы;

2016 год — Диплом гуманитарного колледжа имени М. Маметовой за 1 место в командном зачете в республиканском турнире «Қазақ күресі».

Штат колледжа состоит из 51 преподавателей: из них 13 магистры наук, преподаватели высшей категории — 8, первой категории — 7, второй категории — 9 и 10 технических работников.

В 2017–2018 учебном году обучается 1024 студентов, из них 245 студентов на бюджетной основе. Все студенты обучаются на государственном языке.

COLLEGE OF THE «BOLASHAK» UNIVERSITY

The College of «Bolashak» University was established in 2001 as the College of Economics and Service at «Bolashak» University (state license No. AA 0000073).

Since September 10, 2010, the College of Economics and Service at «Bolashak» University has been renamed the College of «Bolashak» University.

Until now, college was managed by L. Spasova, A. A. Ensepov, S. O. Beshtenbekova, Sh. A. Doszhanova.

Currently Director of the College is the master of philosophy Botagoz Zhapparovna Paridinova.

The main goal of the college is to prepare competently dutiful and highly qualified specialists, provide the region with creative specialists, and contribute to the prosperity of the city and the region in the socio-economic terms.

In the 2014–2015 academic year a contract was concluded with local enterprises, the educational sector, the regional department of education and specialty 0506000 — «Hairdressing and decorative cosmetics» crossed over to the dual system of education.

In the 2017–2018 academic year, within the framework of the program «Productive amusement and development», entrepreneurship with 3 working skills, that is, 1401242 — «Master of a broad-profile builder», 0506012 — «Hairdresser-fashion designer», 0402022 — «Artist of artistic design work», 70 students were accepted at the expense of the local budget, according to these specialties, standard curricula and model curricula are the basis for model competence.

In the methodical and software of teaching disciplines in the specialty in accordance with the requirements of the state standard, 3 subjects cyclic commission:

1. «Pedagogical specialties» SCC
2. «Specialties of Service, Law and Art» SCC
3. «Technical specialties» SCC

32 specialties in the college are provided with a material and technical base in accordance with the requirements of the state standard. The college has modern classrooms and lecture halls, computer classes connected to the Internet, a library and a reading room, training workshops and a

sports hall. Students conduct practical work in laboratories equipped with modern new technology.

Achievements of the college in recent years:

- 2014, «Letter of thanks» for active participation in the realization of the regional youth policy of the Kyzylorda region;

- 2015, «Letter of thanks» of the Education Department of Kyzylorda region for active participation in the events dedicated to the anniversary of the International Assembly 20 year;

- 2015, «Letter of thanks «of the city akim for activity in the celebration of Nauryz (meiramy);

- 2015, holder of the national certificate «industry leader-2015» of the national business rating, Astana city;

- 2016, Diploma of the Department of Internal Affairs of Kyzylorda oblast for the third place in the sports dance cheerleading in the regional competition;

- 2016, Gratitude «resource center of youth» for contribution to the realization of the state youth policy of the region;

- 2016, Diploma for 3 place to team in the regional tournament on the national game «Togyzkumalak», held in the regional centers of physical culture;

- 2016, Diploma of Universal Scientific Library named after Tazhibayev for the best presentation of cultural events on the day of unity of the people of Kazakhstan;

- 2016, Diploma of the Universal Scientific Library named after Tazhibayev for showing Kazakh traditions with mastery in a cultural event dedicated to 22 Nauryz;

- 2016, Diploma of the Humanitarian College named after M. Mametova for 1 place in the team classification in the republican tournament «Kazakh kuresi».

There are 51 teachers in the college staff: 13 are master»s degrees, 8 are the highest grades, 7 are the first category, 9 are the second category and 10 are the technical staff.

The contingent of students in 2017–2018 academic year — 1,024 students are trained, 245 students of them on a budgetary basis, 779 students are on a fee basis. All students are trained in the state language.

ҚР Президентінің Жолдауларындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі

Алдабергенов Алмат, студент

Ғылыми жетекшісі: з. ғ. к., доцент Жусупбекова М. Қ.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев белгілегендей: «Жемқорлық — мемлекеттің тиімділігіне деген сенімдісін етеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз — жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек». 2017 жылдың 31 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 дамыған елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған бес негізгі басымдықты айқындап берді. Президенттің Жолдауында белгіленген бес негізгі басымдылық еліміздің дамуының барлық салаларын қамтиды, соның ішінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған.

Жолдаудың бесінші басымдығы — институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты. Осы басымдықта, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың себептері мен салдарына нықтап, сыбайлас жемқорлықтың алдыналу арқылы заңсыздықтарға жол бермеуді қатаң бақылауға алу мәселелері көрсетілген [1].

Соңғы кезде осы дертін өршуі және онымен күресу, әрине, мемлекеттің басты назарында, сондықтан бұл дертпен бүкіл қоғам болып күресті жүргізуі керек. Сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғамда әр бір адамның міндеті болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі әрқашанда Елбасының назарында болады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан онымен күрес жүргізу — жалпы ұлттық міндет» [1], — деген болатын. Елде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасалды. Алайда, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Президенті унемі Жолдауларында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін атап көрсетеді. Сол сияқты, биыл, яғни, 2018 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын Қазақстан халқына жолдады және сыбайлас жемқорлықпен превентивтік күрес әрі қарай жалғасады деп белгіледі [2].

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі — лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын таллан-тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде [3].

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік зұлым деп есептей отырып, алдымен, тарихқа назар аударайық, көне заман тарихына көз жүгіртетін болсақ, алғашқы және ерте таптық қоғамдарда абыздарға, көсемдерге, әскербасшыларына олардың көрсеткен көмегі, қызметі үшін төлемақы беру әдеттегідей норма болып қабылданғаны мәлім. Жоғары шенде тұрған басшылар қарамағындағы төменгі шендегі қызметкерлердің белгіленген бір төлемақыға риза болғанын талап ете бастады, яғни олар белгілі бір көлемде жалақы алатын болды. Ал төменгі шендегі қызметкерлер лауазымдық міндеттерін орындау барысында көрсеткен қызметі үшін жасырын түрде қосымша төлем талап еткен [4]. Біздің ойымызша осы құбылысты сыбайлас жемқорлықтың алғашқы көріністері деп айтуға болады.

Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай бері» деген тұжырым айтқан [4].

Егер сыбайлас ұғымына тоқталатын болсақ, онда сыбайлас деген ұғым латын тілінен аударған кезде «бұзу», «құлдырау» деген мағананы білдіреді және лауазымды тұлғаның өз лауазымын және оған берілген құқықтарын заңға және моральдік негіздерге қайшы келетін өз пайдасына пайдалануды білдіреді [5].

Сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы көптеген түсіндірме сөздіктерінде көрініс тапқан, мысалы С.И. Ожеговтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «Сыбайлас жемқорлық — дегеніміз лауазымды тұлғалардың, саяси тұлғалардың сатылуы, парамен сатып алуы» дегенді білдіреді [6].

Құқық саласында «сыбайлас жемқорлық» ұғымына байланысты қазақстандық және ресей ғалымдарының әр түрлі пікірлер бар. Мысалы, ресей ғалымы Н. Ф. Кузнецова сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік көлеңкелі құбылыс деп көрсетіп, оның бір тұлғаны екінші бір тұлғаның сатып алуынан тұратынын анықтайды [7, 25–26 бб.]. Ал, қазақстандық заңгер — ғалым А. Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық — бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы» [8, 315 б.].

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында мемлекетте бір қатар құқықтық актілер қабылданған. Негізгілерін атап кететін болсақ, олар: 2015 жылы 18 қарашасында қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы (1998 жылғы 2 шілдеде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы), 2009 жылғы 22 сәуірде қабылданған №793 «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 2014 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған №986 «Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы

қабылданған Заңына келетін болсақ, онда «сыбайлас жемқорлық — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [9] деп анықтама берілген.

Жалпы, сыбайлас жемқорлық мәселесі жаһандық мәселе деуге болады, себебі саяси құрылымға және экономикалық дамуға қарамастан ол демократиялық мемлекеттерде де бар. Яғни сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық елдерде бар. Сыбайлас жемқорлық қоғамның экономикасы, саясаты, әлеуметтік сферасы сияқты барлық салаларына әсерін тигізеді, ал осы құбылыстан туындайтын жағымсыз зардаптар қоғамның қарқынды дамуына кедергі келтіреді және еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне де нақты қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлық кез келген елдің экономикалық саясатын, даму стратегиясын өзгертеді, экономикасын тікелей немесе жанама талан таражға апарды, өндіріс секторын әлсіздендіреді.

Қорытындылай келе, біріншіден, құқықтық насихатпен хабардарлықты дамыту керек, яғни басқа елдердегі сыбайласпен күресудегі нәтижелі бағдарламаларды зерттеп, үлгілерін әлде де тарату. Екіншіден, орта мектептердің тоғызыншы сыныптарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін қалыптастыру» пәнін енгізуді ұсынамыз. Үшіншіден, әрбір жастың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруымыз керек, ол үшін құқықтық сананы көтеріп, осы бағытта іс шараларды жиі өткізіп тұру керек. Отбасында да, қоғамдық жерлерде де, білім беру орындарында да жастарды сыбайлас жемқорлыққа төтеп тұратындай тәрбиелеу қажет.

Әдебиет:

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қантар.
2. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 10 қантар.
3. Ажигалиева Г.С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — баршамызға ортақ іс. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — <https://www.zakon.kz>. (Дата обращения: 30.03.2018).
4. Гильманова Д.М. Сыбайлас жемқорлық: алғышарттары мен алдын-алу ерекшеліктері. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — <https://www.zakon.kz>. (Дата обращения: 30.03.2018).
5. Национальная энциклопедия Казахстана. — Алматы: ТОО «Казахская энциклопедия», 2005. Т. 3 — 560 с.
6. Понятие и определение коррупции. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — <https://lektsii.org>. (Дата обращения: 30.03.2018).
7. Кузнецова, Н. Ф. Коррупция в системе уголовных преступлений // Вестник МГУ. Сер. 11. Право. — 1993. — № 1. — с. 21–22.

8. Алауханов Е. О. Криминология: Общая и особенная части. — Алматы: Жеті жарғы, 2008. — с. 315.
9. Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции». (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.07.2017 г.) [Электронный ресурс] — Режим доступа. — <http://online.zakon.kz/> (Дата обращения: 13.02.2018).

Білім беруді цифрландыру-жетістік кепілі

Бақи Ақтоты Полатбекқызы, магистр, оқытушы;
 Мыңбаева Айнагүл Қаржаубайқызы, оқытушы
 «Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезде бірін-бірі алмастырып жатқан жаңалықтар, ғылым мен техниканың, технологиялар мен инновацияның шапшаңдығы адамды таңғалдырмай қоймайды.

XXI ғасыр технологияның сағаттап емес, минуттап өзгеріске ұшырап, дамып жатқан заманы. Осының өзі қазіргі таңда экономиканың және ғылым салалары мен білім саласының жаппай цифрлануын көрсетеді.

Ендеше адамзат Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басып келеді. Биылғы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауының өзегі де осы — Төртінші индустриялық революцияға қамданудың қамынан туындайды. Бұны Елбасы өзінің Жолдауында: «Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер — әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік», — деп атап айтты.

Жолдауда көрсетілгендей, өнеркәсіп өндірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін, Үкімет «Төртінші өнеркәсіптік революция» элементтерін жаппай енгізуге назар аударатын болады.

«Төртінші өнеркәсіптік революция» аяқ басу үшін жеделдетілген технологиялық жаңғыру керек. Елбасының айтуынша, бұл тұрғыдағы басты міндет — цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету, жаңғырту. Маңызды кешенді міндетті жүзеге асыру үшін елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Осы тұрғыда техникалық және кәсіптік білім беру орындарында ақпараттық жүйелер мамандарын цифрлы қызмет көрсетуге бағыттау керек. Қазіргі таңда елімізде IT саласын дамытуға ерекше назар аударып отыр. Осы тұрғыда облыс бойынша «ТЖКББ ұйымдарында ақпараттық технологияны дамытудың жолдары» тақырыбында семинар өтті.

Төртінші өнеркәсіптік революция элементтері, яғни, автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу сынды тағы басқа міндеттер орындалуы керек.

Жолдауда «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданғандығы туралы атап өтілді. Осы орайда білім беру салалары толық ақпараттандырылуы керек.

Білім беруді ақпараттандыру процесінің жүргізілуіне байланысты өзекті мәселелердің бірі — электрондық оқулықты дайындау болып отыр. Ал, оларды оқыту процесінде қолдану — сапалы білім берудің бірден-бір құралы болып табылады.

Еліміздегі білім жүйесі ел өміріндегі стратегиялық маңызды сала болып табылатындығы белгілі. Ал, оқу процесіндегі ескі әдістердің озық заман талабына жауап бере алмайтындығы өз-өзінен түсінікті. Бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие процесіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді талап етеді.

Осы орайда электрондық WEB оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз — мультимедиялық оқулық.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай ақ мұғалімдерге де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Электронды оқулық — бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

Әдебиет:

1. Специализация 030109, Организация информатизации образования // Информатика и образование. — 2002. — №4.
2. Абубаева А. Электронды оқулықтарды пайдалану // Информатика негіздері. — 2006. — №4.
3. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. — 2006. — №6.
4. Дәстүрлі және электрондық оқытуды кіріктіру // Қазақстан мектебі. — 2006. — №7, 8.
5. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Егемен Қазақстан. — 2018. — 10 қаңтар.

Рухани жаңғыру — табысқа бастар жол

Бердібаева Гүлмарал Ғаниқызы, оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасымыз рухани жаңғыру үшін ұлттық сананы өзгертуден бастаған дұрыс дей келе, негізгі бірнеше бағытқа тоқталған болатын. Атап айтқанда табысқа жетудің бір жолы — бәсекеге қабілеттілік. Жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың сапалы білім, ғылым, компьютерлік сауаттылық, тіл, қызмет, материалдық өніммен аймақтық не әлемдік нарыққа табан тіресе алуы бәсекеге қабілеттілікке алып келе алады. Бәсеке бар жерде жұмыс жүреді. Жұмыс бар жерде, өнім болады. Бәсекеге сөз жүзінде емес іс жүзінде кіріссек, дамудың көшіне ілесеміз [1].

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының екінші томында «Бәсеке дегеніміз бір жағынан, іс-қимыл жасайтын салада ұнамды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын экономикалық жарыс, шаруашылық жүргізудің қолайлы

Электронды оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай беруге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен-көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр этапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

жағдайына ие болу үшін, пайданы мол алу үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі. Екінші жағынан, ол нарық субъектілерінің өнімді өндіру мен оны өткізудегі және капиталды қолдану сферасындағы ара қатынастары [2]. Ал, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Бәсекелік қабілет — қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз — ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамда-

рының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басыуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» деп көрсетілген [3]. Демек, осындай бәсекелестік қабілетке жету үшін, әрбір тұлға өз-өзін дамытып, жетілдіріп отыру керек. Ал балабақшадағы, және мектеп қабырғасындағы балаларды қалай дамытуға болады. Өйткені олар өз-өзін дамыта алмайды. Ол үшін балабақшаларға және мектепте жұмыс жасайтын педагогтарға міндет жүктеледі. Өйткені Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға білім беру Стандартында «балаларға үш жастан бастап орыс тілін, бес жастан бастап ағылшын тілін, құрастыру машығын екі жастан бастап үйретіп дамыту керек» делінген. Стандартта осындай талап қойылса, балабақшада дәл осылай жұмыс жасалып жатқанына сенімдімін. Ал балабақшадан алған, үйренген білімдерін мектепте, жоғарғы оқу орындарында әрі қарай дамытып жетілдіреді.

Осы ретте қазақстандық жас өнертапқыштардың ашқан жаңалықтарын назарларыңызға ұсынамыз. 1. 2013 жылы Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған №10 мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы Хәкім Садуақас «ЛАМАБАТЭЛ» атты мобильді аппарат ойлап тапты. Медициналық құрылғы диагностика мен терапияда төрт түрлі қызмет атқарады: лазеротерапия, магнитотерапия, биологиялық белсенді нүктелерді табу мен электромассаж. Құрылғы электр қуатымен де, аккумулятормен де, қарапайым батареямен де жұмыс істейді. 2. Айды зерттеуге арналған зертхана 2013 жылы Қостанай облысы Новотроицк ауылының кішкентай тұрғыны Олег Лило «Ай» атты зертхана жасады. Сегіз жасар ғалымның айтуынша, Айдың бетіндегі жағдайды анық көруге болады. Құрылғының камерасы, лазері бар. Олегтің жаңалығы Астанада өткен ғылыми-техникалық форумда «Аэроғарыштық техника, авиация және ғарыш ісі» номинациясы бойынша бірінші орын алды. 3. «Ақылды» киіз үй Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Қазбек Тоқтаров өзінің еңбегін ЭКСПО-2017 көрмесіне шығарады. «Ақылды» киіз үй күн батареясымен жұмыс істейді [4]. Бұдан шығар қорытынды, біздің елде бәсекеге қабілетті жас ұрпақ өсіп келе жатыр деп айта аламын.

Табысқа жетудің негізгі бір жолы — білімнің салтанат құруы. Адамды да, қоғамды да алға жетелейтін күдіретті күш — білім. Ахмет Игүнкидің «Бақыт жолы — білімде»

деген қанатты сөзі күн сайын емес, сәт сайын дәлелін тауып келеді. Білімді бірінші орынға қоятын ел көштің басынан көріне алады [1]. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу — біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп жазылған [3]. Ал білімділік, білімді болу аспаннан жаңбырша жауып, өзінен өзі келетін дүние емес екендігі баршамызға белгілі. Білімділік зерттеу жүргізу, іздену арқылы келеді. Зерттеу мен іздену жұмыстары туған өлкесінің тарихын зерттеп білуден басталу керек деп ойлаймын. Тарихты білмей болшақты бағдарлау, алға жылжу мүмкін емес. Сол себептен, бұл бағдарлама кәсіби тарихшылар мен гуманитарлық сала мамандарының зор рухани сілкінісін туғызды. Мысалы, тарихшылардың «Қоғамдық сананы жаңғырту және тарих ғылымындағы жаңа міндеттер» тақырыбында өткен IV конгресінде ғалымдардың, өлкетанушылардың әлеуетін пайдалану арқылы барлық елді мекеннің тарихын жазу, сонымен қатар көрсетілген жерлердің тұрғындарының дәстүрлі мәдениетіне қатысты бар топономикасын, фольклорын, шежіресін қоса қамту қажеттігі айтылды. Ал білім беру саласындағылар Қазақстан тарихын оқытуда өлке тарихының деректерін жинақтап, күнделікті сабақта, тәрбиелік шараларда пайдалану мәселесін қолға алды. Елбасы ұсынған «Туған жер» жобасы шеңберінде республика бойынша 2018–2019 оқу жылынан бастап әр аймақтың ерекшеліктеріне негізделген «Өлкетану» курсы оқытылатын болады [5].

Бұл мәліметтерге қарай отырып, біздің елдің білімділік деңгейі де, көк жүзіне қанат қағып, өзінің білімділігін дәлелдеп салтанат құруда деп айтуға болады.

Әдебиет:

1. Смайлов А. Мәңгілік Ел болудың кепілі // Егемен Қазақстан. — 2018. — 11 қаңтар.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, 1999.
3. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
4. Қазақстанның жас өнертапқыштары ашқан жаңалықтар // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://egemen.kz/article/kazakstannyn-zhas-onertapkyshтары-ashkan-zhanalyktar>
5. Елшібай Ғ. Туған өлкенің тарихын білу — ұрпақ парызы // Егемен Қазақстан. — 2018. — 17 қаңтар.

Болашаққа бағдар — рухани жаңғыру

Дәукеева Арайлым Қалабайқызы, оқытушы;
Байхадамова Жанар Амантаевна, магистр, оқытушы
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміздің ары қарай дамуына, әлемдегі ең ірі экономикасы дамыған 30 елдің қатарына қосылу, алға қойған мақсаттарымызға жету туралы баяндайды. Сонымен қатар бұл мақалада: ұлттық сананы жаңғырту, ұлтымыздың болмысын, ұлттық кодты сақтап, оны Қазақстанның дамуына, оның игілігіне жарату негізінде, еліміздің ары қарай дамыту болып табылады. Онда еліміздің Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңыздылығын түсіндірді. Бұл жаңғыруда аталып өткен аса маңызды екі үдеріс — саяси реформа мен экономикалық жаңғыру. Бұл жүйе арқылы біртұтас біріккен ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымызды және сананы қалай өзгертетіні жөнінде өз пікірімен, ойымен бөлісті.

Мемлекет басшысының мақаласы, бұл — ең алдымен XXI ғасырдағы шынайы өмірдегі ұлттық сананы білдіретін және қоғамда қалыптасқан сананы өзгерту жолындағы дүниетанымдық мақала.

Елбасымыз бұл жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталды. Саяси, экономикалық реформаларда тәуелсіз, егеменді еліміз көптеген бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені барша халыққа мәлім. Ол — адами құндылықтар, жастарға білім беру, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына сіңіру болып табылады. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, білім мен ғылымға маңыз беруі — үлкен көрегендік. Бұл жаңғыру — егемен, тәуелсіз еліміздің болашағы мен келешегі үшін жасалған ең үлкен жұмыс. Сондықтан рухани байлығымыздың маңыздылығы — яғни, бұл әрбір жеке тұлғадан құрылған қоғам, туған еліміз, жеріміз үшін де өте маңызды үдеріс болып табылады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ғасырдағы ұлттық сананы кеңінен дамытудың, жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды:

1. Бәсекелік қабілет
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы.

Бұл арнайы бағыттар сананы жаңғыртудың негізі болмақ. Осы аталған бағыттарда — бәсекелестік қабілет, бұл соңғы жылдардағы әлемдік қауымдастықтағы негізгі ұлттық бәсекелестік болып табылады. Кез келген табысқа жету жолында, табысты болуға, яғни адамдардың негізгі бәсекелестік қабілетімен ерекшелінеді. Сондықтан

да әрбір адам өзіндік сол ортаға сай негізгі қасиеттерге ие болуы керек. Мысалға айтсақ, шет тілдерін үйрену, компьютермен жұмыс жасау т. б. жатқызылады. Бұл бағытта «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалардың маңыздылығы жоғары. Бәсекелік қабілет — білім мен ғылымда, саясат пен экономикада, технологияда, яғни барлық салада болуы керек. Себебі, бәсеке болған жерде әрбір адам өзінің ең сапалы қызметін ұсынады. Осы аталған бағыттардағы — прагматизм, бұл — өзіне берілген барлық нәрселерді дұрыс пайдаланып, соған орай болашағыңды жоспарлай білу, кеуденді керіп, басқалардан өзіңді жоғары ұстамауың керек, ысырапшылық пен астамшылыққа жол бермеу керек. Сонымен қатар бұл мақалада Елбасымыз — мінез құлықтың прагматизмін ұсынған, яғни алға қойған нақты мақсатқа жетуге, салауатты өмір сүру, нақты білім алу, осы тұрғыдан, барлығын ұтымды пайдалану болып табылады.

Қазақстанның эволюциялық дамуы, еліміздің эволюция жағынан дамуы болып саналады. Еліміз XX ғасырда түрлі өзгеріске ұшырады. Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру ұғымы мен байланысты болып келеді. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты, ұлттық сананы атап көрсеткен еді. Елбасымыз: Оның екі қыры бар: Біріншіден, ұлттық сана сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, — деп түсіндірді. Сонымен қатар Елбасымыз барша Қазақстандықтар үшін ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсіндірді. Біріншісі — ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі — алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Қазіргі XXI ғасыр білімнің салтанат құруымен байланысты. Елбасымыз жастарға үлкен сенім артады. «Біздің болашағымыз — жастардың қолында» демекші, жастарға арнап — университеттер, зияткерлік мектептер ашылды. Сонымен қатар көптеген білімді жастарды — «Болашақ бағдарламасы» арқылы көптеген елдерге оқуға жіберді. Яғни, бұл білімнің — салтанат құруы.

Сөзімді қорытындылай болсам, жаңа қалыптасқан рухани жаңғырудың баршамызға түрлі өзгерістер мен алға қарай ұмтылыстарды, жаңа жаңашылдықтарды қажет етеді. Өйткені, біз күннен-күнге дамыған, көркейген елде өмір сүрудеміз. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында — еліміздің әлемдегі озық 30 елдің қатарына кіру туралы және түрлі бағыттарды ұсынды. Бұл — рухани жаңғыру арқылы болашағымызға деген өзінің терең көзқарасын білдірді.

Мақалада ұсынылған ұлттық рухты, ұлттық сананы жаңғыртудың бағыттары жүзеге асса, онда бұл — рухани жаңғырудың негізі болмақ. Елбасымыздың бұл мақаласы ұлттық сананы жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлікті

сақтап, табысты ел болуды білдіреді. Осы рухани жаңғыру арқылы елімізді барша әлемге таныта отырып, табысты ел болып, болашаққа деген үмітімізді, сенімімізді біріктіре отырып, бір ту астында, жарқын болашаққа жетейік!

Әдебиет:

1. // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://infourok.ru/bolashaa-badar-ruhani-zhairu-bayandama-2274794.html>
2. // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://www.qazaquni.kz/2017/11/12/72175.html>
3. // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <http://aikyn.kz/2017/07/05/19529.html>
4. // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <http://e-history.kz/kz/contents/view/6702>

Рухани жаңғыру — табысты ел болуымыздың кепілі

Елюбаева Ақзина Ноябрьқызы, оқытушы;

Абдрей Индира Өмірбекқызы, оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

«Сапалы білім беру — Қазақстанның индустриялануының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс»

Н.Ә. Назарбаев

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі — саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам бастынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз — ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүр-

лерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі — үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл — тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс [1].

Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік.
2. Прагматизм.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.
4. Білімнің салтанат құруы.
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы

тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар — ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», — деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз [1].

Мен болашаққа бағдар ретінде көптеген оқу мекемелерінде білім алып жатқан ел болашағы — жастарымыз ел басшысының нұсқау сөздерін өздерінің өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосуға әрекет жасайтындарына сенемін. Сонымен қатар жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Білім — рухани жаңғырудың негізі. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді. Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.

«Терең білім — тәуелсіздігіміздің тірегі», — деген Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан да елбасымыз «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы орайда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын былайша білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу — біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды» [2].

Табысқа жетудің негізгі бір жолы — білімнің салтанат құруы. Адамды да, қоғамды да алға жетелейтін құдіретті

күш — білім. Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деген қанатты сөзі күн сайын емес, сәт сайын өз дәлелін тауып келеді. Білімді бірінші орынға қоятын ел қай кезде де көштің басынан көріне алады. Себебі Мұхтар Әуезов атамыз айтқандай халық пен халықты, адам мен адамды білім ғана теңестірмек.

«... Қазақстан 2020 жылға дейін елдің стратегиялық даму жоспарын орындауға мүдделі және сәйкесінше инвесторлар қызметін индустрияландыруды дамытуға бағыттауға, басымдықтарды айқындауға және ол үшін тиісті жеңілдікті жағдайлар жасауға тырысады. Осындай жоспардың болуы және оны орындау тәртібі Қазақстанда экономикалық белсенділікті сақтау және көтеру үшін маңызды ынталандырушы шара болды». Дәстүрлі игеруші сала басымдық артықшылығын сақтады. Көп ғылыми қамтымды салалар — электроника, лазерлік техника, коммуникациялық және медициналық жабдықтар үшін олардың маңыздылығы ескеріле отырып, сирек кездесетін металдар игеруге қолдау көрсетілді. Осылайша, қаржылардың 80% басымды секторларға бағытталатын болады, ал қалған 20% — бірқатар жағдайлар сәйкес келген жағдайда басқаларына бағытталатын болады.

2014 жылдың 1 тамыз күні Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2015—2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы жарлыққа қол қойды. Бағдарлама «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына және Қазақстанның дамыған 30 ел қатарына кіру тұжырымдамасына сәйкес әзірленді. Ол 2010—2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жалғасы болды. Бағдарламаның негізгі мақсаты игеруші өнеркәсіптің әртараптануын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру. Осылайша, бағдарламаның екінші кезеңін жүзеге асыру 2019 жылы өңдеу өнеркәсібінің өндірілген өнімі көлемдерін 2012 жылғы деңгейге қарағанда 43% өсіру; жалпы ішкі өнімді өңдеу өнеркәсібінде 1,4 есеге өсіру; өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 1,4 есеге өсіру; шикізаттық емес экспорт көлемінің құндық көлемін кемінде 1,1 есеге өсіру; өңдеу өнеркәсібінің энергия сыйымдылығын кемінде 15% есеге азайту; өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыспен қамтылуды 29,2 мыңға дейін өсіру. Бүгін ҰИИД МБ екінші кезеңі бірінші кезеңде қиындық туғызған мәселелерді алдын алады деп үміттенуге негіз бар [3].

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осылайша Қазақ Елінің болашағын білікті жастармен байланыстыра ерекше атап өтті. Кез-келген елдің болашағы қашан да — өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты. Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді. Заман жаңарған сайын, білім беру саласын да жетілдіріп отыру қажет. Білім — табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мем-

лекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні — түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің бір парасы — осыда.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз — ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты — ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен

қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», — дейді Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу — Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз [2]. Мұның өзі халық игілігі үшін қызмет ететін білікті мамандарды дайындаудың баспалдағы іспетті. «Бақыт жолы — білімде» деп хакім, ойшыл Ахмет Иегүнеки атамыздың сөзімен аяқтаймын.

Әдебиет:

1. Тлепова Г. Рухани жаңғыру — ертеңіміздің кепілі // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <https://www.zakon.kz/4908872-ruhani-zha-ygu-erte-m-zd-kep-l.html>
2. Арипов Д. Мәңгілік мүддесі // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <https://www.qazaquni.kz/2017/08/31/76233.html>
3. Сүлейменов А. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <http://e-history.kz/ru/publications/view/2473>

Білім саласы: кеше және бүгін

Жалғасбаев Азамат Оразбекұлы, оқытушы;

Жубаниязова Венера Аймурзаевна, оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстанымыздың тәуелсіздік туын желбіреткеніне, міне, жиырма жеті жылға жуықтап келе жатыр. Осы уақыт аралығында білім саласында көптеген өзгерістер болып жатыр. Елбасымыздың бастамасымен, әрине. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында білім саласындағы даму сатыларын баса айтып кеткен [1]. Айтпасқа бола ма?! Себебі, білім мен ғылым — мемлекетімізді нық ұстап тұратын тіреуіштің бірі емес пе?! Сауатсыз ұрпақ — сапасыз жұртқа айналмай ма?! Тереземіз тең, керегеміз кең болу үшін — білім — ғылымды барынша меңгеруіміз қажет. Бұл тек біздің ғана емес, заманның да басты талабы. Осыдан жиырма жыл бұрынғы уақытқа саяхаттап көрейікші?! Қазіргімен сол кездегі білім беру жүйесін өзара салыстырып байқасақ, арасы жер мен көктей. Ол кезде тек баға үшін оқитын оқушыларды, стандарт-сабақтар мен оқулықтан ары аспайтын мұғалімдерді ғана көреміз. Қазір ше?! Бүгінгі таңда ұстаздар көп ізденеді, көбірек білуге тырысады. Себебі, ғаламтордың шарықтаған заманында оқушылар кейде мұғалімнен ақылды болып кететіні жасырын емес. Шәкірт алдында күмілжіп тұру қай ұстазға болсын — ұят дүние. Сондықтан оқытушылар әрдайым ізденіс үстінде. Өзінің пәнін жетік білуге, сабақты жоғарғы деңгейде өткізуге, көрнекілікпен

қосымша құралдарды мейлінше көбірек пайдалануға тырысады. Ұстаздардың біліктілігін көтеру мақсатында мемлекетіміз де жұмыс жасап жатыр. Қазіргі таңда мектептер Кембридж тәсілімен оқытуға көшіп жатыр. Мұндағы мақсат — оқушыларды әділ бағалау, топқа бөліп оқыту арқылы шәкірттерді толық қамту секілді көптеген жаңа технологияларды пайдалана отырып, мектептердің деңгейін көтеру болып табылады. Сол үшін де «Өрлеу» орталығы құрылды. Ұстаздардың білім беру жүйесіне енгізілген бұл өзгеріс қазіргі таңда тек оң нәтиже көрсетуде.

Айтпай тағы кете алмаймыз, бүгінгінің басты талабының бірі — білім ошақтарындағы үштілділік. Ол, әрине, қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Бұл үш тіл — болашақтағы біздің үш тұғырымыз. Көптеген жоғары деңгейлі мектептер қазір осы үрдіске біртіндеп өтіп жатыр. Біздің мемлекетте ең негізгі саналатын осы тілдерді болашақ ұрпақтың білуі маңызды. Себебі, қазақ тілі — мемлекеттік, орыс — ресми, ал ағылшын — халықаралық деңгейдегі тіл екенін бәрімізге белгілі. Бұл саясаттың мақсаты да сол — келешекке білгір де білімді, жан-жақты, сонымен қатар рухани сауатты, көзі ашық кемеңгер тұлға даярлау. Ұлт ақыны Қадір Мырзалиев ағамыз да: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» [3] демей ме?! Әйгілі ойшыл Әбу

Насыр Әл-Фараби бабамыз да 70-ке жуық тіл білген. Сол білімділігінің арқасында 150-ге жуық ғылыми еңбек жазып, кейінгілерге қалдырған. Ол кісінің жанында үш тілді үйрену дегеніңіз бүгінгі ақылды ұрпаққа түк те емес деп білемін.

Таяу жылдардағы міндеттердің бірі деп — латын әліпбиіне көшу саясаты туралы айтады Елбасымыз. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның және ғылым-білім процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектепте балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жүргендіктен, жас буын үшін ешқандай қиындық болмақ емес» — дейді ол өз мақаласында. Әрине, Елбасы сөзімен келіспеу мүмкін емес. Өйткені, ол шындығында да солай. Латын әліпбиінің көптеген елдер қолданыны белгілі, сондықтан ол ана тілімізді мемлекетаралық дәрежеге көтеруге мүмкіндік беріп қана қоймай, басқа да рухани-мәдени байланыстардың дамуына жол ашады. Сол себептен, ұлт ретінде артта қалмай, көшке ілесіп жүру — біздер үшін ұтымды дүние. Бұйырса, 2025 жылы барлық жазбамыз латынға ауысып, бұл іс толығымен аяқталады деген жоспар бар [5].

Елбасы өз мақаласында айтып кеткен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі жүз жаңа оқулық» атты жоспарланған жоба аясында әлемнің ең үздік оқулықтарын қазақ тіліне аудару мақсатқа алынған. Оқулық — білім сапасының негізгі көзі мен құралы. Әлемдік стандарттарға теңесеміз десек, мұндай бағыттағы шаруалар қыруар болуы шарт. Оған қоса оқулықтардың электронды нұсқасын жасау да қолға алынғалы қашан. Бұл — кітап іздеп сабылған жан үшін қолжетімді дүние болмақ. Білім мен ғылым жүрген жерде кітаптың аты аталуы қашанда заңдылық. «Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» [4] — деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, кітаптың рухани байлық екені ешкімге жасырын емес. Сол үшін де өскелең ұрпақты осындай мол қазынаға қызықтырудың түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап табу керек секілді. Саусағыңмен түртіп қалсаң түрлі әлемді алдыңа жайып беретін смартфондардан гөрі қағазы қатырлаған кітаптардың құны мың есе артық емес пе?! Ғасырдан ғасырға өтіп келе жатқан осындай мол мұраларымыздың орнын ештеңе де баса алмайды.

Қазір «білім келеді, үйренемін» деген адамға барлық жағдай жасалған. Ол үшін мектеп партасына қайта отыру шарт емес. Түрлі курстар, ғаламтор сайттары,

көлемді кітапханалар — барлығы да үйренушілер үшін жұмыс жасайды. Сол секілді ұстаздарға да жақсы мүмкіндіктер бар. Түрлі чаттар мен топтар арқылы өздерінің материалдарымен алмасып, тәжірибелерімен бөлісіп отыруға әбден болады. Бұл айтып жатқандарымыздың бәрі — білім саласында дамуға әкелетін тың өзгерістер мен қадамдар, бүгінгі күннің жетістіктері. Күн сайын бір жаңалық пайда болып жатқан заманда мұндай шаруалар тосын жағдай емес. Солай болуға да тиіс, себебі ілім-білім алға жүрмей, қарыстап бір орында қатып қалса, ол халық үшін үлкен мәселе. Сол үшін де еліміз, жеріміз жаңарсын десек, қай салада болмасын, біліміміздің терең болуы маңызды.

Қандай ұлт, қандай мемлекет болмасын әрдайым жаңаруға ұмтылады. Біз де солардың қатарынанбыз. Қазақстан — әрдайым жетістікке жетіп отыратын мемлекет. Солардың бірі — дамыған елу елдің қатарына кірігіп, бәсекеге қабілетті елдердің бірі болып шыға келдік. Бұл жолға оңай келе салған жоқпыз. Қаншама төгілген тер, атқарылған еңбек қадамымызды нық басуымызға мүмкіндік берді. Білім, ғылым, мәдениет, әдебиет, тарих, технология салаларында жаңаруларға жол беріп, қажырлы шаруа атқардық. Оған Елбасымыздың сындарлы саясатын қосыңыз. Соның арқасында болар, бүгінгі күні сатылап биіктерге шығып келе жатырмыз. «Білім қайда болса, биіктік сонда» дейді дана қазағымыз. Ғаламтор да, жоғарғы оқу орындары жоқ заманда-ақ ілімнің адамды алға жетелейтіні туралы халқымыз осылай ертеден-ақ айтқан. Білім дегенде сол салада тер төккен Ахмет, Ыбырай, Шоқандарды қалай ауызға алмай кетеміз?! «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек» [2] деген Абай атамизды ше?! Қазағымыздың құлдықтан шығып, саналы өмірге қадам басқанын әуелден қалағандардың бірі осылар емес пе?! Барлық нәрсенің бастауы — білімде екенін жеткізуге жанталасқан да осы бабаларымыз. Қазағымның көзі мен сауатының ашық болғанын қалады. Міне, бүгінгі күні сол аталарымыздың арман-мақсаттары орындалды десек артық айтқанымыз емес. Себебі, белестерді бағындырған ағаларымыз бен «білсем, үйренсем» деген арман-мақсаты бар жалындаған жастарымыз көп арамызда. Келешек осындай жастардың қолында. Елімізді алға сүйреп, көкжиектен көрінуімізге себепші болатын да осы — білімділер. Болашақ тек — білімде. Сондықтан да, санымыз аз болса да, ұрпағымыз саналы және сапалы болсын, ағайын!

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
2. Абай. — Алматы, «ЕЛ» баспасы, 1993.
3. Жарықбаев Қ. Аталы сөз. — Алматы: «Жалын» баспасы, 1980.
4. // «Қазақ үні» ұлттық порталы. — Ш. Ыбыраевпен сұхбат.
5. Үш тілді меңгеру заман талабы // baq.kz

Российская и советская историография о восстании Кенесары Касымулы

Ибраев Галимбек Мадибекович, магистр педагогических наук, старший преподаватель;

Жаримбет Галия Асановна, магистр исторических наук;

Нарымбаев Куандык Датхабаевич, магистр культурологии

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата (г. Кызылорда, Казахстан)

Как известно, что самым продолжительным и крупнейшим в истории Казахстана явилось национально-освободительное восстание под руководством хана Кенесары Касымулы, охватившее всю территорию Среднего жуза и части Младшего и Старшего. Вызывает интерес факт того, что степняк, чингизид Кенесары вел длительную по времени и по тактике успешную борьбу против мощной Российской империи и даже своим восстанием угрожал интересам и господству России в Центральной и Средней Азии. Позволю для подтверждения вышесказанного высказать мысль о том, что личность Кенесары вызывала и будет вызывать интерес, у представителей русских и зарубежных исследователей, которые довольно верно дали характеристику данной неординарной личности, и даже что было не характерно для того времени какой-то мере даже восхищались им. Восстание Кенесары Касымова 1837—1847 гг. и политика российских властей по отношению к нему привлекали внимание дореволюционных исследователей. Большой вклад в изучение проблемы внесли офицеры Генерального штаба Российской империи. Они не являлись профессиональными историками и в основном занимались описанием и исследованием военно-политического продвижения России в Казахстан и Среднюю Азию, а также сбором статистических и географических материалов. Однако их работы имеют важное значение, для исследования национально-освободительных движений в Казахстане. Речь идет о таких авторах как М. Венюков «Заметки о степных походах в Средней Азии», Л. Мейер «Киргизская степь Оренбургского ведомства», М. Красовский «Область Сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России» и др. [1, с. 318].

Наиболее серьезная работа в дореволюционной историографии, посвященная восстанию Кенесары, принадлежит Н.А. Середе — «Бунт киргизского султана Кенесары Касымова» [2, с. 569]. Автор привлек большое количество не использованных ранее документов, в значительной мере расширив исследовательскую базу. Он дал собственную характеристику Кенесары, описывая его как прагматичного политика, действовавшего сообразно обстоятельствам и лавировавшего между двумя местными центрами власти. Работа Н.А. Середы стала определенным шагом вперед в изучении политики властей в отношении восстания Кенесары. Заметным событием в изучении истории казахов и политики России в Казахстане явилось исследование А.И. Добросмылова «Тургайская область. Исторический очерк», в котором автор подробно остановился и на восстании Кене-

сары [3, с. 134]. При написании раздела о Кенесары он использовал, переработал и дополнил многие материалы, собранные Середой и другими дореволюционными авторами. Труд А.И. Добросмылова оценивается как работа, выполненная на более высоком научном уровне. Среди не большого количества дореволюционных публикаций о деятельности Кенесары также можно упомянуть очерк «Султаны Кенесары и Сыздык», написанный со слов сына К. Касымова, султана Ахмета Кенесарина Е.Т. Смирновым, а также статью М.Г. Черняева в журнале «Русский вестник» с отзывом об этой книге. Дореволюционные авторы внесли огромный вклад и заложили основу дальнейшего изучения проблемы. Общим моментом в трудах дореволюционных историков было то, что движение Кенесары рассматривалось исключительно в контексте процесса закрепления российского военно-политического господства в Казахстане и в Средней Азии, а не как отдельное явление.

В советской историографии тематика национальных движений народов России в 20—30-е гг. XX века была одной из популярных. Восстания в большинстве своем рассматривались как освободительные и антиколониальные, национальная политика царской России оценивалась исключительно негативно, с позиции концепции «абсолютного зла», выдвинутой М.Н. Покровским. Недостатком такого подхода было то, что национальные движения стали рассматриваться односторонне. Однако и в этот период появлялись исследования, представляющие определенный научный интерес. Среди таких исследований в первую очередь следует назвать работы А.Ф. Рязанова. Первый его труд «Оренбургский край. Исторический очерк» [4, с. 142], был посвящен истории Оренбургского края и политической истории Младшего жуза. Второй — «На стыке борьбы за степь» — событиям 1835—1845 гг., после создания Новолинейного района в Оренбургском ведомстве. Он считал, что главной целью Кенесары являлось создание независимого казахского ханства в пределах бывших владений его предка Аблая [5, с. 44—55].

В 1947 г. вышла в свет монография Е.Б. Бекмаханова «Казахстан в 20—40 гг. XIX в.» [6, с. 64]. Исследование Е.Б. Бекмаханова стало наиболее полным по истории политического развития Казахстана и национальным выступлениям в тот период. Основное внимание было уделено восстанию Кенесары Касымова 1837—1847 гг. Бекмаханов ввел в научный оборот новые архивные материалы и попытался осветить весь комплекс проблем, связанных с выступлением Кенесары Касымова, начиная с истоков его возникновения в 20-х гг. XIX в. Он проследил

изучение этого вопроса в дореволюционной и советской историографии. Восстание Кенесары, по мнению Бекмаханова, носило массовый, антиколониальный характер, сыграло прогрессивную роль в истории Казахстана, отсрочив его колониальное закабаление. Оно рассматривалось им как попытка создания Кенесары собственного, независимого государства. Вхождение Казахстана в состав России Бекмаханов рассматривал как прогрессивный процесс, который вел к появлению новых экономических форм развития, но его методы считал неприемлемыми. Позднее вышла известная монография Е. Б. Бекмаханова «Присоединение Казахстана к России» [7, с. 204]. Причины восстания автор усматривал во введении в реформах 1822 и 1824 гг., которые подрывали позиции казахской знати и отменяли ханскую власть, а также в строительстве военных линий, укреплений, в потере казахами пастбищ и произволе администрации.

Литература:

1. Красовский М. Область Сибирских киргизов // Материалы для географии и статистики России. — СПб., 1858. — 318 с.
2. Середа Н. А. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838–1847) // Вестник Европы. — 1870. — № 8. — 569 с.
3. Добросмыслов А. И. Тургайская область. Исторический очерк. — Оренбург, 1900. — 134 с.
4. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздык (в обработке Е. Смирнова). — Ташкент. 1899.
5. Рязанов А. Ф. На стыке борьбы за степь (очерк по истории колонизации Новолинейного района). 1835–1845 гг. — Оренбург, 1928. — 64 с.
6. Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20–40 гг. XIX века. — Алма-Ата, 1947. — с. 204.
7. Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. — М.: Изд-во АН СССР. 1957. — 337 с. 12.

Наурыз мерекесі жайындағы мәліметтер

Кипшакбаев Канат Зейноллаевич, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

Каденова Гүлзат Сандыбайқызы, аға оқытушы;

Мырзанова Мария Ибрайхановна, оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Наурыз — шығыс күнтізбесі бойынша жылдың алғашқы айы. Наурыз мерекесінің қалыптасуы, мән-жайы туралы жазба деректерді орта ғасырлық шығыс ғұламаларының, қазақ жеріне келген зерттеушілердің саяхатшылардың, алаш зиялыларының еңбектері құрайды. Наурыз мерекесі шығыс елдерінің орта ғасырлық мемлекеттерінде патша сарайларына лайық сән-салтанатпен өтсе, дәстүрлі қазақ қоғамында наурызнама тойы бірнеше күнге жалғасқан. Наурыз айының 21-нен 22-не қараған күні жыл басы ретінде Омар Хайямның қатысуымен жасалған күнтізбеден бастап тұрақталған.

Наурыз мерекесінің қалыптасуы, мән-жайы туралы жазба деректерді орта ғасырлық шығыс ғұламаларының, қазақ жеріне келген орыс және батыс зерттеушілерінің, са-

Таким образом, давая оценку историографии посвященной национально-освободительному движению под руководством Кенесары Касымова в дореволюционный и советский периоды, необходимо отметить, что данное событие было на протяжении долгого времени актуальным. В июле 1990 г., в Казахстане прошла всесоюзная научная конференция под названием «Национальные движения в условиях колониализма». Во вступительном слове М. К. Козыбаев высказал мнение о неправильной характеристике восстания К. Касымова как феодально-монархического. В выступлениях казахских ученых прослеживалась мысль о необходимости переоценки национальных движений и пересмотра процесса присоединения Казахстана к России. Конференция стала предвестником нового этапа в трактовке восстания Кенесары. В начале 90-х гг. стали появляться материалы, статьи, посвященные восстанию султана, в которых звучали уже другие оценки.

яхатшылардың, алаш зиялыларының еңбектері құрайды. Омар Хайямның Наурызнама туралы қол жазбалары, Германияның мемлекеттік кітапханасында, Лондондағы Британ Ұлттық музейінде сақталған. Омар Хайям жазып алған аңыз бойынша, парсы еліндегі ерте дәуірлердегі тәңірі Изид күнді жаратарда оған ерекше ықылас-мейір төккен күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырған. Күн өзінің жылдық айналымында әрбір жұлдызды бір айда басып өтеді. Он екі жұлдыздың бірі амалға күннің бірінші кірген күні, күн мен түннің теңелуі, көктемнің басталған күні болып есептеледі. Ажам патшалары дәл осы күнді айрықша атап өту үшін баршаға мәлімдеп мейрам деп жариялаған. Осы аңыз желісі бойынша парсы әлемінің бірінші патшасы Каюмарс таққа отырғаннан кейін жылдың әр айы мен күніне ат фарвардин айы

атанды. Бабақан (226—251 жж.) тұсында қабиса есепке алынып, Наурыз тойы қайта жанданған. Нушараван (531—579 жж.) тұсында қайта тоқтатылды, ал Мағмұн патша (813—833 жж.). Наурызды тойлауды бұйырған.

Наурызды тойлау жалғасын тапқанмен, парсы абызда-рының күнтізбені дұрысбақылап отырмағандықтарынан наурыз 21-і күні жылдың басқа кезеңдеріне жылжып отырған, бұл парсы шаруаларын күйзеліске ұшыратқан, себебі наурызға дейін заттай төленіп бітетін салықтың уақыты келгенде егін пісіп жетілмеген, ал ертеде парсы жерінде егін наурызда пісіп, халық салықты мерзімінде төлеген.

Наурыз тойының өткізілуі рәсімдері туралы деректер шектеулі. Аңыз бойынша, Жыл-жаңа туған бала, ол күн санап өсіп, үш айдан соң жігіт болады, күз түскенде қартайып, бурыл бас болады, қыс түсіп қар астында қалғанда кәріліктен өледі, осылайша он екі ай бітуімен ескі жылдың өмірі де бітеді. Жаңа жыл туылғанда, сол туылған күнді құттықтап, қуанғанды қысып құшағына алып сый-құрмет жасау, қызық дәурен салу әр адамның міндеті болған екен.

Жазба деректерге сүйенсек ертеде жұлдыз есебімен санағанда қыс пен жаздың ауысатын уақыты 9-шы наурызға сәйкес келген және де қазақтар осы есепті орыс билігі орнағанға дейін берік ұстап келген және ескі жылдың шығып, жаңа жылдың кіруін сегіз күн бойына тойлаған. «Қазақ» газеті шығып тұрған уақытында әр жыл сайын 9 наурызда Алаш зиялылары Наурыз мерекесінің мән — мағынасы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырған. Ескі күнтізбе бойынша Наурыз мерекесін тойлау наурыздың 9—16 аралығында жалғасқан. Мәшһүр Жүсіп жиырма тоғыз жасында Ғабдолла хан өткізген наурызнама тойына сегіз күн бойына қатысқан. Бұл тойда күресте үш кісіні жыққан адамға бір шапаннан бәйге берілген. Тойдың сегізінші соңғы күнінде қожа Баһуалдин әулиенің басына барып, сол жердегі көпшілікке қант төгіп, қант татыған тәтті суды жұрт жабыла ішіп, ырым қылған.

Наурызды Орта Азия жергілікті халықтарының барлығы тойлаған. «Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөз астарында халықтың бір-біріне кешіріммен қарауы, мейірімі, сонымен қатар адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас жатыр. Тарихи жазба деректер наурыз мерекесі тараған халықтар арасында өздерінің тарихи дәуіріне сай атап өтілген және наурызды тойлайтын халықтар өз ұлттық ерекшеліктеріне қарай бейімдеген. Ежелгі шығыс мемлекеттерінде мереке патшалық сарай салтанатына сай болса, Орта Азияның халықтары отырықшы шаруашылық пен отырықшы мәдениетке бейімдеген, наурыз дәстүрі егіншілікке қатысты дәстүрлермен жалғасқан, көне түркілер мен қазақтар өз мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылығына бейімдеген.

Жазба деректерді негізге алсақ, наурызнама кезінде жасалатын салт-дәстүрлердің көбі жойылған, кейбірі син-

тезделіп, өзгеріп жеткен. Наурыз тойына қатысты дәстүрлерді «жойылған дәстүрлер», «синтезделген дәстүрлер» және «сақталған дәстүрлер» деп бөліп қарауға болар еді.

Сақталған және мәні өзгеріп жеткен дәстүрлер:

— Байырғы қазақ қоғамында «наурызнама» жасауға шамасы келмегендер, жалғыз қой сойса да наурыз күні ауылға дәм таттырам деп басын сақтап қойған екен. Бұл күні наурызға соғымнан сыбаға ретінде сүрленген етті сақтаса да арнайы бас сақтау жойылған.

— Қарын-қарын жентті жасап, ірімшік жасап қатырып сақтау. Қыстың күні балалары жентті қашан жейміз десе, шешелері Самарқанттың көк тасы жібігенде бұл жентте өзі балқып босайды, сонда бастаймыз, — дейді екен. Бұл күнде жентті қарынға салып сақтамағанымен, жент дәстүрлі тағам ретінде дастарханымыздан үзілген жоқ.

— Қазақтарда «наурыз көже» атауына ие болған арпадан көже пісіріп, ауылға дәм таттыру. Қазақтар «арпа, бидай ас екен», «наурыз көжені тойып жесең жыл бойына тоқ жүресің» деп бекер айтпаса керек. Ет пен сүтті негізгі тағам қылған қазақтар бұл көжеге айран, сүзбе қатып, қыстан сақтаған сүр етті қосқан. Наурыз көже дайындау әдісінде аймақтық ерекшеліктер байқалады, арпа, ағарған, сүр ет қазақ жерінің барлық өңіріне ортақ болса, батыста, Сырдың төменгі ағысы бойында жүгері, тары, оңтүстікте маш, бұршақ, кеспе қосады. Жетісудың шығыс бөлігінде «көп көже» деп аталады.

Алғашқы жазба деректерге сүйенсек, Наурыз мерекесін тойлайды мұрат еткен шығыс халықтарының барлығы үшін бір ортақ мүдде жыл басын ізгі ниетпен, жақсы көңілмен қарсы алып, елге тыныштық, молшылық тілеу, ал осы мерекені атап өтудегі әдет — ғұрыптарындағы ерекшеліктер, олардың дәстүрлі шаруашылығымен, наным — сенімдер жүйесімен тығыз байланысты. «Қазақ» газетінің Наурыз туралы жазбаларын негізге алсақ, XX ғасырдың бас кезінде Наурыз мерекесінің бұрынғы кезеңге қарағанда бәсең тойланғандығын аңғаруға болады. Бұл мәліметтер XX ғасырдың бас кезінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығындағы бетбұрыстар және отаршылдықтың қазақ қоғамына дендеп енуі, XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде жұттың жиі болуы Наурызнама жасауға да әсер еткенін байқатады. Наурыз мұсылман халықтарының тұрмысында ислам бұрын байырғы зороастризммен бірге сіңген, тамырын тереңнен тартқан бұл мереке халықтың салт-санасына берік орныққан. Сондықтан да, қазақ халқы басынан қанша жаугершілік, ашаршылық жылдары өткерсе де, наурызды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізген. 1926 жылы кеңестік билік наурыз тойлауға ресми тиым салса да, көнекөз қарияларымыз наурызда қауышу дәстүрінен ажырамады. Бұл күнде қайта жаңғырған Наурыз тойы бұл мерекенің өміршендігін дәлелдейді.

Әдебиет:

1. Бабур-наме. Записки Бабур. Перевод М. Салье. 2 — ое издание, доработанное. — Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1993. — 463 с.

2. Наурыз в Самарканде // Туркестанские ведомости. 1897. № 14. 20 февраля. — с. 60 — 61.
3. Диваев Ә. Тарту (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразаева). — Алматы: Ана тілі, 1992. 256 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Наурыз // Мына жинақта: Наурызнама. Аталы ойлар. — Алматы: Жалын, 1993. — 112 б.
5. Наурыз // Қазақ газеті, 1913. — №5. 9 наурыз.
6. Ысқақов М. Халық календары. — Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1963. — 210 б.

Рухани жаңғырудың жарқын жолы

Мырзанова Мария Ибрайхановна, оқытушы;
Серібаева Жұлдызай Мүсілімқызы, оқытушы;
Рахметова Айжан Кожантаевна, магистр, әдіскер
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», — деп атап көрсеткен болатын. Бұл мақалада ұлттық құндылықтарымыз, мемлекеттің ұлттық құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары туралы айтылады. Сонымен қатар, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы мәселе көтеріліп отыр. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған бұл мақала мәні мен мазмұны, маңызы мен мағынасы қоса өріліп, өзіндік өміршеңдігін көрсеткен көлемді туынды болғаны сөзсіз. Тарихтың толқындарын таразылаудан басталып, ұлт болмысын барынша бағамдаумен байланысып, мемлекеттік атқаруы тиіс міндеттерін межелеп берген мақала әрбіріміздің тебіренуімізге түрткі болды [1].

Әлем жаңа тарихи кезеңді бастауда. Сондықтан, жаңа дәуірден ең жақсысын алып, жаңа жағдайларға назар аудару және бейімделу маңызды болып табылады. Президентіміздің осы мақаласы арқылы қазақ елі расыменде түп тамырынан рухани жаңғырып, биік мақсаттарды көздеп, дамыған отыз елдің қатарына енетініне, әлем елдерімен теңестірілгеніне сеніміміз мол. Себебі, осы мақала аясында мақсат айқындалды, міндет жүктелді. Осы мақсат-міндет диттегініне жету үшін, біріншіден, ұлттың өзінің ұлттық кодын, генетикалық жадысын сақтап қалу деген дүниеге барынша мән беруге міндеттіміз. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені, тамырынан үзілген бәйтерек жапырақ жаймайтыны секілді негізгі дәстүріне, тарих қойнауының сақталған сүбелі сеніміне сүйенуіміз қажет. Екіншіден, мақаладағы «өмір сүр білу үшін өзгере білу керек, өзгере білмеген халық тарихтың шаң-тозаңында қалады», — деген сөзді нысанаға ала отыра, төл тарихымыздағы ата-бабаларымыздың өмір салтының жарқын үлгілерін, ұлттық болмысының өзегін сақтай отырып, оның бірқатар

сипаттарын өзгертіп, тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажет.

Осылайша Елбасымыздың мақаласында заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани жаңғыру жұмысына басымдық берудің қажеттігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз-ұлтымыздың барлық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Қазақстанның рухани саласында реформалық жаңашылдықтар болып табылатын Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынып отырған рухани жаңғырудың негізгі бағыттарын біздің ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін, прагматизмді, ұлттық сәйкестілікті сақтауды, білім басымдығын және оларды табысы жүзеге асыруға бағытталған мемлекет дамуының жаңа идеологиялық тұғырнамасы болып табылады. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: Бәсекеге қабілеттілік. Ғаламдандудың жаһандандудың ғаламдық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Қазақ халқы үшін бұл — бүгінгі таңдағы ең басты шарт-талаптардың бірі. Яғни, жаңа ғасыр, жаңа заман осыған қарай тез қарқынмен зымырап, бет алып барады. Ендігі жерде кім жанталасып жақсы жұмыс істейді, жаңаша жаңалықтарға қалай тез қол жеткізеді — соның жолы болады.

Прагматизм. Ұлан-ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолдап, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Нұрсұлтан Назарбаев алдағы он жылдықтардың ұранына «реализм мен прагматизмді» ұсынды. Біз — бабалар батасы дарыған елміз. Сондықтан елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңғыруларға жұмылдырылды.

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыздың үшінші қағидасы ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатынын ескертті. Ол, әрине мақала авторы жазып отырғандай, «ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елдің» мәдениеті еді. Демек, ендігі кезекте «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды, жәй ғана жаңғыру болып қалатынын» жеткізді [2].

Қалай болғанда да уақыттың өзі адамның рухани өміріндегі басы артық нәрселерді ұмыттырып отырады. Ал, тіл — ұлттық кодымызды сақтаудың ең маңызды құралы. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні — білімді болашақ жастардың қолында екеніне басты назар аударады.

Мемлекет басшысы ғасырлар қойнауында қалып, жылдар өте саяси себептермен де сергелдеңге түскен «қазақ әліпбиінің» тағдырын да назардан тыс қалдырған жоқ. Елбасы бұл мәселені бірнеше жылдан бері көтеріп келе жатқанын білеміз. Өркениетті елдер қатарына латын қаріпіне көшу арқылы бір табан жақындай түсетінімізді жеткізді. Біз латынға көшу арқылы қазақ тілінің табиғи, таза қалпын сақтап қала аламыз. Жаңа жаңғыруға қоғам да, заман да дайын. Бұл бізге таңсық емес. Бұл — уақыт талабы. Ол ең біріншіден, үштілділікті қалыптастыруды жеңілдету түспек. Екіншіден, латын графикасы цифрлық техникаларды енгізуге жол ашады. Осылайша еліміз озық техникасы бар көшбасшы мемлекеттермен терең теңестіреді. Үшіншіден, халықаралық тілге көшу бұгінде әлемдік үрдіске айналып отыр. Бұл мәселе жөнінде үкіметтің іске кірісетінін де тілге тиек етті. Нәтижесінде 2025 жылға қарай латын әліпбиіне толықтай көшу жоспары да жарияланған. Мемлекеттік тіліміздің латын графикасындағы біріңғай стандартты жарқын болашақ кепілінің кілті екенін уақыттың өзі дәлелдеп берді.

XX ғасыр қасіреттерін қаперімізде сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Революциялық емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керектігіне ой қорытты.

Қазақстанның келешектегі дамуының негізгі басымдығы мен бағыты ретіндегі мәдени-адамгершілік құндылықтарды сақтауға және білім беруді жаңғыртуға ерекше назар аударылған. Президент айтқан экономикада қойылған міндеттерге жету және даму, ал ең маңыздысы, әрине, қазіргі әлемнің жоғары дамыған алдыңғы қатарлы елдердің санына ену. Ал бұл рухани құндылықтар мен басымдылықтар дұрыс қойылған қоғамда ғана мүмкін болып, іске асады.

Мақаладағы тағы бір бағдар — «жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының қолға алынуы. Бұл әлемдегі ең таңдаулы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылуы деген сөз: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыт-

тары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018–2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз». Өз тілінде терең білім, жан-жақты ақпарат алған адам қай орта да өзін еркін ұстайды. Бұл, бір. Екіншіден, мейлінше терең әрі сапалы білім беретін тілге деген сұраныс та, құрмет те жоғары болады.

Ұлт көшбасшысының ойынша, бар мәселе сананың ашықтығында. Ал сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. «Біріншіден, ол дүйім дүние, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілі, қысқасы барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл — өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава — Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті — осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалудың нағыз үлгісі»

Бағдарламалық мақалада айтылған тағы бір жәйт жүз жаңа тұлғамен байланысты. Осы ретте әр кезеңнің өзіндік бетке ұстар қайраткерлері болатынын айтып өткен абзал. Тәуелсіздік алғалы бергі ширек ғасыр ішінде біздің еліміздің де көпке үлгі етерлік қаһармандары пайда болғанын мойындауымыз қажет. Олар өнер, білім, спорт, тіпті қорғаныс, медицина салаларында да кездеседі. Мұндай адамдарды әрбір елді мекеннен кездестіруге болады. Міне сол тұлғалардың ерен еңбегін елеуіміз қажет. Тағы айта кететін өзекті жәйт, еліміздің рухани жаңғыруы жолында бірден-бір қажетті әрі пайдалы «Туған жер» бағдарламасы. Бұл бағдарлама аясында патриоттық сезімнің ең алдымен туған жерге, кіндік қанымыз тамған ауылға, қысқасы, Қазақстан деген қасиетті мекенді сыйлап, қадірлеп, құрметтеуден басталатынын ерекше атап өтті.

Елбасымыздың осы мақаласы арқылы біз қазақтың тектілігін сақтап қала аламыз. Әсіресе, жастарды, болашақ ұрпақты батыстанудан қорғап қалуға күш салуымыз қажет. Осы мақалада көтерілген идеяларды толыққанды жүзеге асыра білсек, еліміздің рухани дамуы жеделдетуі түсетіні анық. Рух болмысының жаңғыруы адамның рухани дүниесін байыту мен қоғамды дамытуға кеп тіреледі.

Белгілі түркітанушы Лев Гумилев: «Кез-келген ұлттың күштілігі — оның санасының көптігінде емес, өзінің артындағы ұрпағына сақтап, қалдыратын және бүкіл әлемге тарататын рухани мәдениетінде», — деген болатын. Демек, рухани жаңғыруды белсенді түрде қолға алуға шынайы қажеттілік туындап отыр. Ол үшін Елбасымыз көтерген қоғамды рухани жаңғыру мәселесін көздеген жеріне жеткізу қажет. Бұл — ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар жұмыстар. Ата-бабаларымыздың аманат керуенінің жүгін қисайтпай, көшін бұзбай, өз тұсымыздан келер ұрпаққа өткізуіміз керек. Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп Бала-

сағұн былай деп жазып кеткен: «Өнер, білім-қос қанаты адамның, осыменен білерсің тілін ғаламның». Осы бір сүбелі сөзді санамызда ұстай отыра, елбасымыздың халық

қамын ойлап, рух пен сананы жаңғыртайық деген үндеуін сіз болып, біз болып жарқын жолдан жаңылмай аяқ басайық, осы бір тарихи кезіңнің теріне табан тірейік! [3]

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
2. // Кәсіптік білім көкжиегі. — № 1 (37).
3. Жұмағазиев Е. Қанатты тарихи сөздер. — 2008.

Мемлекет тарихындағы маңызды бағдарлама

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
Паридинова Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуі баршамызды серпілтіп тастады. Елбасы бұл сәтті қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайтудың кезеңі деп атап көрсетті. «Қазақстан — біздің ортақ үйіміз» идеясының жаңа мағынамен толыға түсуі барлығымыздың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігімізді арттыра түседі.

Елбасы ұсынған бес әлеуметтік бастама барлық қоғам мүшелері үшін маңызды. Еліміз осы уақытқа дейін баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту бойынша көптеген шаралар атқарды. Ал «7–20–25» жаңа бағдарламасы әрбір отбасына баспана алудың мүмкіндігін жасап, әсіресе қарапайым тұрғындардың қолжетімділігі артады. Елбасы ұсынған формуланың мазмұны қоғам мүшелері үшін түсінікті және ашық.

Президенттің екінші бастамасында жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту ұсынылады. Елбасы отандастарымызды қолдау мақсатында келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақысы төмен жұмысшылардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салу жөнінде баяндады. Бұл ұстаным 2 миллионнан астам адам жалақысының жұмыс берушіге салмақ салмай көбею мүмкіндігін береді.

Үшінші бастама тікелей еліміздің болашағы — өскелең ұрпақ пен жастарға арналған. Еліміздің жастарға деген айқын көрінісі ретінде жаңа оқу жылынан бастап қосымша 20 мың грант бөлінуін айтуымызға болады. Бұл гранттардың 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі. Бастама Қазақстанның Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын инженерлер, ақпараттық технология, робот-техника, нанотехнология саласының маман-

дарын даярлауға мүмкіндік береді. Елбасы қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесінің өзекті екендігін айта отырып, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырды. Аталмыш міндетті жүзеге асыру үшін мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қағидасын пайдалануды ұсынды.

Президенттің «Шағын несие беруді көбейту» төртінші бастамасы жаппай кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретіндігі анық. Еліміз бұл бағытты дамыту бойынша бағдарламалар мен қолдау құралдарын жетілдіру үстінде. Бастамаға сәйкес осы жылы шағын несиелердің жалпы сомасы артып, қосымша 20 миллиард теңге бөлінетін болды.

«Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» атты Елбасының бесінші бастамасы елдің миллиондаған тұрғындарын газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге еліміздің экологиялық ахуалын жақсартатындығына сенімдіміз.

Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға дайын екендігін айтты. Негізінен әлеуметтік жаңғыру барлық азаматтардың мұқтаждықтары мен мүдделерін жүзеге асыру барысындағы қоғамның даму құрылымын жетілдіру үдерісі болып табылады. Бұл жаңа мен ескінің, заманауи және дәстүрлі ұстанымдар негізінде өзгерістерге ұшырайтын қоғамның оңтайлы және тиімді қызметінің көрінісі. Жаңа бағдарламадағы барлық басым бағыттар, міндеттер мен мақсаттар мемлекеттік органдар, тұрғындар, сарапшылар мен ғалымдар үшін транспарентті құбылыс. Сондықтан Елбасының елдің игілігі үшін ұсынған ұтымды, оптимистік жобасы мемлекет тарихындағы маңызды бағдарлама болып қала беретіндігіне сенеміз.

Қазақстан Республикасындағы жалдау шартының құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері

Нурымбетова Акмарал Сражовна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығында жалдау шарты негізгі шарттардың бірі болып табылады. Тарихқа жүгінетін болсақ, жалдау қатынастары біздің заманымызға дейін 2000 жылдары пайда болған және оның заты ретінде жер учаскесі танылған. Кейін жалдау объектісі ретінде тек қана жер ғана емес, сонымен бірге, ғимараттар, құрылыстар, барлық заттар, тіпті ядролық энергетикалық кешендер де таныла бастады. Мысалы, АҚШ-та жалдаудың дамуы 1950 жылдардан бастап дамыды [1, 59 б.].

Жалпы, жалға алу қатынастары жалға беруші мен жалдаушы арасындағы келісім шарт негізінде туындайды. Жер учаскесін жалға алу азаматтық заңның жалпы талаптарына мүдделі болғандықтан, бұл қатынастарды жер заңдарымен қоса азаматтық заңдар да реттейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 540-бабына сәйкес, жалдау шарты бойынша, жалға беруші жалдаушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді. Яғни, жалға алушы жер учаскесін жалға ала отырып оны иеленеді, пайдаланады, пайдалы қасиеттерін алады және заңға сәйкес, пайдалану нәтижесінде алынған өнімдер мен кірістерге билік ете алады [1].

Жалпы жалдау (аренда) дегеніміз — латын тілінен аударғанда жалға алу немесе белгілі бір шарттармен мүлікті беруге шарт жасау деген түсінікті білдіреді.

Қазақстандық ғалым Г.Т. Айгаринованың пікірінше, жалдаудың әдеттегі анықтамасы бір тараптың (жалға берушінің/ екінші бір тұлғаға /жалға алушыға/ белгілі бір мүлікті ақылы түрде уақытша пайдалану мен иеленуге беруі. Қазақстан Республикасында нарықтық жағдайға өтуге байланысты әртүрлі меншік нысандарының пайда болуы, шаруашылық етуші субъектілердің және олардың нысандарының көбеюі жалдауды шектемейді, керісінше, оның әрі қарай дамуына алғышарт ретінде танылады [3, 90 б.].

Азаматтық құқықта жерді жалдау шарты көп кездеседі. Себебі, жер учаскесі азаматтық құқықта жылжымайтын мүлік немесе негізгі өндіріс құралы ретінде танылады. Жерді жалдаудың ішінде ауылшаруашылық жерлерді жалдау жиі кездеседі.

Л.Қ. Еркінбаева мен Г.Т. Айгаринованың пайымдауынша, жерді жалға беру ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктеріне байланысты айрықша мәнге ие: жердегі өндірістік циклдардың ұзақтылығы, ауа райының жағдайына байланыста өнімнің әркелкі шығуы, ғылыми техникалық өркениет жағдайында жер көлемінің бірлігіне барған сайын едәуір күрделі қаржы тарту қажеттілік және т. б. Осындай жағдайда жерді

жаға беру еңбек өнімділік мен өнімділігін арттыру үшін экономикалық ынталандыруды дамытуға жағдай жасауы тиіс. Осының бәрі экономикалық құрылымдардың бір қалыпты жұмыс істеуін қолдайтын, өзара тиімді негізінде жаға берушінің де, жолға алушының да мүдделерін қорғайтын заңдық және нормативтік актілердің жүйесін құруды талап етеді [4, 35 б.].

Жерді жалдау шарты бойынша жерді пайдаланғаны үшін алынатын ақының мәні зор. Жерді пайдаланған үшін жалға беру ақы әдетте екі компоненттен тұрады:

а) Учаскенің құнарлылығына байланысты болатын жер рентасы, оған I және II дифференциалды рента, монопольдық және абсолютті рента кіреді; в) Жұмсалған капитал мен жердің аталмыш учаскесіндегі үйлер мен ғимараттардың амортизациясы үшін ссудалық процент. Жалға беру төлемдер мынандай болады: ақшалай, натуралдық, аралас және үлестік.

Бұл жағдайда былай бөлінеді: Белгіленген ақыны ақшалай төлеу жалға берудің жер иесіне алдын ала белгіленген соманы жалға беру мерзімінің басында немесе белгілі бір уақыт өткеннен кейін төлеуі болып табылады. Бұл жағдайда жалға беруторлар өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік алып, барлық алынған өнім мен табысты өз беттерінше бөлуге құқылы. Сонымен бірге олар белгілі бір қаржылық-шаруашылық тәуекел бел байлайды. Өйткені, олар өндірістің барлық шығындарын ақтап, қажетті табысты алатындықтарын алдын ала білмейді. Жалға беру ақының көлемі рынок конъюнктурасын есепке ала отырып, мерзімдік тұрғыда (1–3 жылда) қайта қаралып отырылады.

Жер иесінің шығындары бойынша жалға беру ақы белгілеу әдісі пайдаланылған жағдайда меншік иесі қайтаруға тиісті алқап бірлігіне кеткен шығындар есептеледі. Оған жерге, салыққа және қамсыздандыру төлеміне, үйлерге, суландыру жүйелеріне және тағы басқаларға кеткен шығындардың проценті кіреді [2].

Жер меншігі иесінің алынған өнімінен немесе өнімді сатудан түскен пайдаға қатысу үлесі. Бұл ретте оның қаржылық жағдайы жалға берутор жұмысының нәтижелеріне тікелей байланысты болады. Ренталық (жалға беру) төлемдер көлемі табыс үлесі немесе жалға берутор мен жалға беруші өндіріске қосқан материалдық ақшалай шығынға салыстырғанда өнім түрінде анықталады. Бұл үшін әр жақтың шығын есептеліп, шығын құрылымы айқындалып, соған сәйкес әр жаққа тиісті өнім немесе табыс проценті белгілі болады [8].

Мал шаруашылығы өнімінің үлесінен жалға берудің екі нұсқасы бар. Біріншісі бойынша — жер, мал және өндірістік үйлер жалға берушінің меншігі болып табылады,

ол жалға берутор еңбек етіп, жем-шөпке, мал дәрігерлік қызмет көрсетуге және тағы басқаларға кететін шығынды өзі төлейді. Мұндай жағдайда әр жақтың шығындары дәл көрсетіліп, контракт жасалады және жалға берутор мен меншік иесі мал шаруашылығы өнімінен алынған табысты өзара теңдей бөліп алады. Екінші нұсқа бойынша меншік иесі жерді белгілі бір мерзімге мал бағу және шөп шабу үшін жалға береді [6, 110 б.].

Г.Т. Айғаринова пікірінше, жалдау мәмілелерін ұйымдастыру барысында орталық және маңызды буынды экономикалық негізделген жалдау ақысы алынады. Сонымен, жалдау ақысы дегеніміз — жер учаскесін жалға беруші мен жалға алушының арасындағы экономикалық қатынастардың нысаны [3, 91 б.].

Жалдау ақысына байланысты айта кететін тағы бір жай, егер жалға алушы жер учаскесін өзінің мақсатына сай пайдалануды мерзімі өтіп кеткеннен кейін де жүзеге асырған болса, онда жалға беруші (меншік иесі) жер учаскесін мерзімінен тыс пайдаланған уақыты үшін де төлем ақы алуға құқығы бар. Жалдау ақысын төлеу жалдаушының ең негізгі басты міндеттерінің бірі болып табылады [7].

Жалға алынған мүлікті пайдалану үшін төлемді, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта белгіленген тәртіп, мерзім мен нысан бойынша жалға алушы төлейді. Шартта олар айқындалмаған жағдайларда салыстырмалы мән-жайларда әдетте сол секілді жер учаскесін жалға алған кезде қолданылатын тәртіп, мерзім мен нысан деп есептеледі.

Төлем барлық жалданылған жер учаскесі үшін тұтас немесе оның құрамдас бөліктерінің әрқайсысы бойынша жеке:

— Мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін төлемдердің тұрлаулы сомасында белгіленген;

— Жалданылған жер учаскесін, онда орналасқан жылжымайтын мүлікті, жер учаскесінен алған өнімді, жемістерді немесе өзге кірістерді пайдалану нәтижесінде алынған белгілі бір үлес;

— Жер учаскесін жалға алушының белгілі бір қызмет көрсетулері;

— Жалға алушының шартта келісілген жер учаскесін жалға берушінің меншігіне немесе жалдауына беруі;

— Жалға алушыға жалданылған жер учаскесінің топырағының құнарлығын жақсарту жөнінде шартта келісілген шығындарды жүктеуі түрінде белгіленеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, тараптар шартта мүлікті немесе өзге де төлем нысандарын пайдалану үшін аталған төлем нысандарын ұштастыруды көздеуі мүмкін делінген [7, 112 б.].

Жоғарыдағы мәселелерді талдай келе, жер учаскесін жалдау құқығымен алып, пайдаланғаны үшін жасалатын төлем мөлшері, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе жылына бір рет өзгертілуі мүмкін. Заң актілерінде мүлік жалдаудың жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ мүліктің жекеленген түрлерін жалдау үшін жасалатын төлем мөлшерін қайта қарауға өзге де ең аз мерзімдер көзделуі мүмкін. Орталықтандырылып белгіленген баға мен тарифтер өзгертілген жағдайда тараптардың біреуінің талабы бойынша төлем мөлшері қайта қаралуы мүмкін.

Жер учаскесін жалға беруші ретінде мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушы болса, онда жалға берілген жер учаскесі үшін төлем ақы алу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы заңымен тікелей реттеледі. Осы аталған Салық кодексі заңды күшіне енгенге дейін, бұл мемлекетпен жер пайдаланушылар арасында пайда болатын қатынастар Азаматтық кодекс ережелерімен реттеліп отырған болатын.

Әдебиет:

1. Кондрашова А. Н. Рынок аренды нежилых помещений // Аренда. — М., 2002. — с. 59–72.
2. Нурахметова Г. Г. Правовое регулирование сделок в сфере земельных отношений. — Алматы: Қазақ университеті, 2004. — 132 с.
3. Айғаринова Г. Т. ҚР-ның тұрақты даму жағдайында жер нарығын құқықтық реттеудің теориялық мәселелері. — Алматы: Қазақ Университеті, 2013 — 312 б.
4. Еркінбаева Л. Қ., Айғаринова Г. Т. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлімдер. — Алматы, Жеті жарғы, 2010. — 311 б.
5. Бектұрғанов Ә. Е. Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері: монография. — Талдықорған: ЖМУ, 2012. — 207 б.
6. Аграрное право / Под ред. Быстрова Г. Е., Козыря М. И. — М.: Юристъ, 2000. — 534 с.
7. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1999 ж. 1 шілдедегі № 409–1) (ерекше бөлім) //Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. 2015.
8. Земельное право. Учебник для вузов / Под ред. С. А. Боголюбова. — М.: Норма-Инфра, 1999. — 400 с., 196 б.

Елбасы Жолдауы — ұлт темірқазығы

Тажикова Жанат Жумановна, аға оқытушы;
Календарова Кунсулу Алтынбекқызы, магистр, аға оқытушы;
Қалжанова Аида Қалжанқызы, оқытушы;
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және де кең ауқымдар адамдар тобының санасы мен жүрегін жаулап алуда ешбір идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайты анық. Ұлттық идея-ұлттың сол тарихи кезінде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдаққа ие көзқарастар. Ал белгілі мақсат-мүдде, мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес.

Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мұраттарға қол жеткізді. Ендігі ұрпақ — Мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы — Мәңгілік ел, — деді Президент. Қазақстан Республикасының Конституциясында атап көрсетілгендей демократиялық, құқықтық мемлекетіміздің басты темірқазығы — Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауы деп айтуға толық негіз бар. Елбасы Н.Ә. Назарбаев әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатындағы Қазақстан халқына жариялаған «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында — «Бәсекелік қабілет дегеніміз — ұлттың аймақтық немесе жахандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы, бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін [1]. Болашақта ұлттың табысты болуы үшін оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айналынады. Сондықтан әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек, оның компьютерлік сауаттылығы, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», — деген болатын. ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу мақсатында «Болашақ» университеті колледжінің оқытушылары арнайы пәндерге электронды оқулықтар дайындау үстінде, онда дәрістер, сұрақтар, зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар, технологиялық тірек сызбалар, карталар, презентациялар, көрнекілік материалдар, таспалар, тесттер болады. «Қазақстан-2050» Стратегиясында: біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс және білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр [2]. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Занында білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған оқу үдірісі, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, білім беруді одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [3].

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауда іргесі берік мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігімізді нығайту бағытындағы басты міндеттер жарияланған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді», — дей келе, жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін атап көрсетті [4]. Басты 10 міндетті шешуге жұмылуға шақырды. Олар: Индустрияландыру, жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналу, ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту, «Ақылды технологиялар» — агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу, қаржы секторын «қайта жаңғырту», адами капитал-жаңғыру негізі, тиімді мемлекеттік басқару, жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі, «Ақылды қалалар», «ақылды ұлт» үшін делінген.

Еліміздің келешегінің кемел болуы, гүлденіп өркендеуі қазіргі жастарға, олардың білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Міне сондықтан да Елбасымыз қазақстандарға білім берудің жаңа сапасына көшуді тапсырған болатын. Елбасы атап көрсеткендей, жас мемлекетіміздің болашағы бүгінгі мектептегі жас буын өкілдерінен басталады. Оларға осындай талап қою арқылы дамыған алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына мықтап кіру. Ел болашағының дамуы нақты өз жастарымыздың қолында тұрғаны сөзсіз десек, сол жастарды тәрбиелейтін ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктеледі. Осы орайда Жолдаудан туындайтын жетінші міндет ретінде білім саласына, білім берудің жаңа сапасына баса мән берілген. Оның дәлелі — педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу, «баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырыс барысында халыққа арналған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты үндеуін жариялады [5]. Онда әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын

жақсарту, шағын несие көлемін көбейту, сондай-ақ елді газбен қамтамасыз ету ісін жалғастыру жөніндегі бастамалар қамтылған. Елбасы әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадамдар арқылы елдің игілігіне арналған ұтымды оптимистік жобаға тоқтала отырып, мемлекетін қорғайтын, қолдайтын, елін жан жүрегімен сүйетін, патриоттық танытатын өздеріне сенімді адамдардың мекені — өркендеген Қазақстан үшін аянбай еңбек етуге шақырады.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз-ізденімпаз ғалым, нәзік психолог,

тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйытқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбелейтінімізге нық сенімдімін. Ел мен жердің иесі ретінде ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете отырып, қасиетті Қазақстанымызды дамытуға тың міндеттерді тындырымды жұмысқа біріге отырып, балталасада бұзылмайтын ауызбіршілікте болып, табыстарға еселеп жете берейік.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. — Егемен Қазақстан. — 2012. — 14 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011—2020 жылдарға арналған бағдарламасы. — Алматы, 2010.
3. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім. — 2006. — № 5.
4. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. — 12 сәуір.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуі // Сыр бойы. — 2018. — 6 наурыз.

Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық мәселелері

Тайжанов Лесбек Тузелбекович, PhD

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатын жүзеге асыруда еліміздің тұрғылықты халқының, соның ішінде моноқалаларда тұрып жатқан халықтың тіршілік әрекетін жеткілікті деңгейде қажетті жағдайлармен қамтамасыз етпей іске асыру қиын. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардан бері нарықтық экономиканың енуімен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер серпіні халқымыздың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі мен қатар республиканың моноқалалары жататын оның аймақтық кіші жүйелерінде де біршама жақсы жақа бет бұрғанын көрсетеді. Халықтың өмір сүру деңгейін республика бойынша орта көрсеткіштерден, аймақтық айырмашылықтардан, облыстық нормативтік мәндердің ауытқуларынан байқауымызға болады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының бір тұтастығын сақтау және түрлі аймақтарда тұрып жатқан халық үшін әлеуметтік қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуде түрлі аймақтық деңгейлерде республикалық, облыстық, қалалар және ауылдық елді мекендер деңгейінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру қажеттілігін білдіреді. Моноқалалардың халқының мүдделерін жүзеге асырушы әлеуметтік және экономикалық саясаттың маңызды бағыттарына келесілерді жатқызу қажет:

— әртүрлі моноқалалардағы халықтың өмір сүру деңгейін және сапасының әлеуметтік-экономикалық стандарттарын мемлекеттік стандарттарға сәйкес келуін;

— моноқалалар экономикасының негізгі салаларын және экономикалық әлеуетін дамыту мақсатында жұмыс орындарын құру және сақтауын;

— өндіріс және адам капиталы дамуының негізгі факторы болып табылатын әлеуметтік саланы сақтау, қолдау және дамытуын;

— моноқалалардың тұрғылықты халқының еңбек, кәсіби және рухани әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау;

— моноқалалардың тұрғылықты халқының әртүрлі әлеуметтік топтарын әлеуметтік қорғау бойынша нысаналы әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қаржы көздерін қалыптастыру;

— моноқалалар аймағының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

— моноқалалардың тұрғылықты халқының тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің әлеуметтік тұрақтылығы мен беріктігін сақтау.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық үдерістердің алуан түрлілігі индикаторлар мен көрсеткіштердің жеткілікті көптеген түрлерін көздейді, олардың көмегімен халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі салала-

рының дамыту деңгейін, халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалайды және қоғамның әлеуметтік дамуындағы өзгеріс үдерістерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, мүмкін болатын келеңсіз әлеуметтік-экономикалық салдарды алдын-ала болжауға болады, бұл әлеуметтік саясатты іске асырудың тиімділігі мен әрекеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Халықтың өмір сүру деңгейімен жағдайының сандық және сапалық параметрлерін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық саралану деңгейін, сондай-ақ олардың дамуын бақылап отыру серпінін көрсететін әлеуметтік көрсеткіштердің жүйесін құру оларды бағалау үшін түрлі әдістерді қолдануды көздейді [1].

Қоғамның әлеуметтік жүйесі біртұтас ұғым ретінде оны құраушы элементтердің жай ғана жиынтығы болып табылмайды. Бір жағынан, онда халықтың тіршілік қызметі мен тіршілігін қамтамасыз етудің барлық салалары (табыстар, тұтыну, еңбек және жұмысбастылық, әлеуметтік сала, қоршаған орта) қамтылған, екінші жағынан, халықтың түрлі әлеуметтік топтарының өмір сүру жағдайларымен сапасын көрсетеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік көрсеткіштер мен индикаторлардың жүйесі әлеуметтік жүйенің жай күйі мен даму деңгейін көрсететін көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар, оның қауіпсіз әрекет ету шекараларын белгілейтін көрсет-

кіштерді қамтып отыруы тиіс. Бұл міндетті әлеуметтік дамудың шекті ауытқу көрсеткіштер жүйесін пайдаланудың негізінде шешіп отыруға болады, оларды жүзеге асыру адаммен қоғамның тіршілік әрекетіне қауіп-қатердің төніп тұрғандығын білдіреді.

1 — кесте Қазақстандағы моноқалалардың облыстар бойынша орналасуын көрсетеді. ҚР экономикалық аймағы 14 облысқа және 2 ірі қалаға бөлінетін болса, соның ішінде 12 облыста Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысының тізімі бойынша 27 моноқала орналасқан. Моноқаласы жоқ облыстарға Қызылорда облысын және Солтүстік Қазақстан облысын жатқызуымызға болады. 2-кестеден көріп отырғанымыздай моноқаласы ең көп облысқа 8 моноқаласы бар Қарағанды облысын жатқызуымызға болады, ал қаласы ең аз облыстарға бірнеше, яғни Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 1 моноқаладан тиесілі екенін айтуымызға болады. Бұл жердегі Қарағанды облысында моноқалалар санының көп болуы оның индустриалды экономикалық аймақ болуымен түсіндіріледі және дәл осындай аймақтарда зерттеуіміздің көрсеткеніндей қала құраушы кәсіпорындарға тәуелді қалалардың көптеп қалыптасқанын байқадық.

Кесте 1

Қазақстан моноқалаларының аймақтар бойынша орналасуы

Облыстар	Моноқала аттары
Ақмола облысы	Степногор
Ақтөбе облысы	Хромтау
Алматы облысы	Текелі
Атырау облысы	Құлсары
Батыс Қазақстан облысы	Ақсай
Жамбыл облысы	Қаратау, Жаңатас
Қарағанды облысы	Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск, Абай
Қостанай облысы	Арқалық, Жітіқара, Лисаков, Рудный
Маңғыстау облысы	Жаңаөзен
Павлодар облысы	Ақсу, Екібастұз
Шығыс Қазақстан облысы	Зырян, Курчатов, Риддер, Серебрян
Оңтүстік Қазақстан облысы	Кентау

Ескерту — [2] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Айта кету керек 27 қаланың көбісі өз бетінше қала әкімшілігі болып табылса, 5 қала аудан орталықтары болып есептелінеді. Мысалыға: Атырау облысындағы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласы; Батыс Қазақстан облысындағы Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласы; Жамбыл облысындағы Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласы және Талас ауданының орталығы Қаратау қаласы; Шығыс Қазақстан облысындағы Зырян ауданының орталығы Зырян қаласы болып табылады және осы аудан құрамына Серебрян қаласында жатқызамыз.

Қазақстандағы моноқалалардың негізгі қордаланған мәселелерін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1. Экономикалық мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады:

— негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі (өндіруші кәсіпорындардың кен орындарының тозуы, бәсекеге қабілетсіз өнім шығаруы);

— қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы;

— қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындарға жоғары деңгейдегі тәуелділігі;

— қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорынан түсетін салықтардан тәуелді болуы.

2. Әлеуметтік мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады:

- жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы;
- көптеген моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы;
- халық санының азайуы;
- әлеуметтік келеңсіздіктердің өсуі.

3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселелері келесілер:

- инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы;
- моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы [3].

Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы моноқалалардың өз ерекшеліктері бойынша дамыту арқылы шешілуі тиіс. Моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару үрдісі байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық жағдайдың төмендігі мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күн талаптарына сай келмеуімен, сондай-ақ, аймақтарда жалақының төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен де түсіндіруге болады.

Еліміздегі моноқалалардың дамуын тежейтін факторлар мен проблемаларға өткен уақыттағы қала құраушы кәсіпорындар мен басым бағыттағы салаларға байланысты көптеген кешенді проблемалар жиналып қалған. Өндіріс көлемінің төмендеуі, қала құраушы кәсіпорындардың жартылай немесе толықтай тоқтауы моноқалаларда айтарлықтай әлеуметтік экономикалық проблемалардың ушығуына алып келді.

Моноқалалардың негізгі проблемалары болып жұмыссыздықтың көбейуі, халықтың өмір сүру деңгейінің нашар-

лауы, әлеуметтік жағдайдың ушығуы жатады. Мысалыға соңғы 20–25 жылда «Қаратау» АҚ сияқты кәсіпорындарда, қазіргі уақытта ЖШС «Қазфосфат», 10,6 мың адамнан 1,5 мың жұмысшы қалған. Екінші мысалға Саран қаласындағы «Қарагандарезинотехника» АҚ келтіруге болады. Ондағы жұмысшы саны 1985 жылы 7 мыңдай болса, қазіргі уақытта 500 адам шамасында. Осыған ұқсас жағдайлар бірнеше моноқалаларда кездесіп жатады [4].

Өндіріс көлемінің төмендеуіне және қала құраушы кәсіпорындарының тоқтап қалуына шикізат шығаратын кәсіпорындардың базасының тозуы, өндірілетін өнім сапасының бәсекелестік қабілетінің төмен болуы, қала құраушы кәсіпорындардың құрал-жабдықтарының ескіруі, КСРО-ның құлауымен байланысты технологиялық байланыстың үзілуі жатады.

Осылай моноқалалардың экономикалық және әлеуметтік жағдайын талдау арқылы келесідей проблемаларды анықтауға мүмкіндіктер жасады:

Экономикалық мәселелер: қала құраушы кәсіпорынның тоқтап қалуы немесе тоқтау қаупінің пайда болуы; қаланың экономикалық әртараптануының төмен деңгейі; қалақұраушы кәсіпорынға қала халқының жоғары деңгейде тәуелді болуы; қала құраушы кәсіпорыннан түсетін қаражатқа жоғары деңгейде қала бюджетінің тәуелді болуы және салықтық базаның кішірейуі жатады.

Әлеуметтік мәселелер: жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы; көпшілік моноқалалардағы халық табысының аздығы; өмір сүру сапасының төмендігі; көпшілік моноқалаларда халық санының азайуы; әлеуметтік ахуалдың ушығу үрдісінің мүмкін болуы жатады [5].

Өмір сүруді қамтамасыз ететін инфрақұрылымның мәселелеріне: инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның тозу деңгейінің жоғарылығы; жоғары деңгейде аймаққа экологиялық қысым; аймақтың айтарлықтай жағдайдағы техногендік және табиғи апаттарға жақын болуы жатады.

Әдебиет:

1. Нұрланова Н. Қ., Гайсина С. Н., Мелдеханова М. Қ., Берішев С. Х., Бірімбетова Н. Ж., Киреева А. А. Қазақстандағы моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі мәселелері. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2012. — 156 б.
2. «Моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысы.
3. Мырзалиев Б. С., Мұқанов С. М. Шағын және моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттары // «Қазақстан-2050»: индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың өңірлік мүмкіндіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. — Түркістан: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2013. — Т. 1. — 386–392 бб.
4. Тайжанов Л. Т. Проблемы управления развитием малого бизнеса в монопрофильных городах Казахстана // «Қазақстанның ғылымы, білімі және өндірістегі инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. — Алматы: Еуразия Технологиялық Университеті, 2015. — Т. 2. — 51–54 бб.
5. Тайжанов Л. Т. Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың экономикасын дамыту // «Қазақстан-2050»: индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың өңірлік мүмкіндіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. — Түркістан: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2013. — Т. 1. — 369–372 бб.

Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру жолдары

Узакова Баян Болатовна, оқытушы;

Бекмағанбетова Жазира Бауыржанқызы, оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезеңде шапшаң жүріп жатқан жаһандану күрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып отыр, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда мемлекеттердің бәкесеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Сондықтан көптеген елдер бәкесеге қабілетті қоғам үшін адам ресурстарын дамыту, әсіресе оның қабілетін арттыру сияқты арнайы бағдарламалар қабылдауға кірісті. Сондықтан да, үздіксіз білім беру жүйесінің басты міндеті — жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл әлеуметтік педагогикалық міндетті орындау үшін тәрбие жұмысымен тікелей айналысушылардың жүргізетін тәрбие мазмұны қоғамның бүгінгі талабына сай болуы керек. Жалпы білім беруде мектеп өзінің міндетін толық атқару үшін, қоғамның оған қоятын әлеуметтік сұранысын ескере отырып, тәрбие мазмұнын жақсарту үшін мектеп пен жанұяның бірлігін қамтамасыз ету қажет. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінсе, «Қазақстан — 2030» бағдарламасында «әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымызбен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткенде қандай күйде көргіміз келеді» делініп, ұрпақ тағдыры мен мемлекет тағдыры қатар қойылған. Демек, балаға дұрыс бағыт беретін үлкен мықты тәрбие ошағы — отбасы болып саналады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап, ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» деген болатын [1].

Өскелең ұрпақтың рухани жан-дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақталған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абайша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» — ата-анадан басталып, мектепте жалғасып, бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі.

«Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген [2].

Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. «Тәрбие — табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі — нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала — өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек. Осы тұста қазіргі жағдайда отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру біз үшін алға қойған үлкен мақсаттардың бірі емес бірегейі болып отыр. Себебі балалар білімді болу үшін алдымен тәрбиесі дұрыс болуы керек. Ал, тәрбиенің ең тамаша мектебі — отбасы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды [3].

Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Тәрбие — алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша мақсаты бағыттала және ұйымдастырыла жүргізіледі. Себебі бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы — адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы — ата-ана. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы — ата-анасы. Отбасы мектеппен бірлесіп оқу-тәрбие үрдісінің не табысты не табыссыз болуын анықтайтын тәрбиелеуші ортаның факторларының маңызды кешенін туғызады. Жалпы білім беретін мектептегі сынып жетекшісі — сы-

ныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруымен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог. Бұл сынып ұжымындағы әр алуан тәрбиелеудің түрлері арқылы мектеп, отбасы, бала арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшеліктерін көрсете білуіне жағдай жасап, өз қызметін оқу тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесінде жүзеге асыратын өз ісінің шебері. Ал шебер деген сөз шебер бола білгенде ғана айтылатынын естен шығармайық. Өсіп келе жатқан ұрпаққа бұл мәселеде көмектесу, оған қолайлы жағдай туғызып, қолдау көрсету педагог пен ата-ананың басты міндеті болуы тиіс. Балаға қолдау көрсету, біріншіден, оның рухани адамгершілігін, өзін-өзі дамытуын, оның денсаулығы мен, оқуымен, жеке бас ерекшелігімен байланысты мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, екіншіден, балалардың дамуы және өзін-өзі бамытуы үшін қолайлы жағдай туғызу,

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // Егемен Қазақстан. — 1997. — 11 қазан. [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <http://www.netref.ru/mazmni-2-kirispe-3-i-bolim-mektep-pen-janua-birligi-negizinde.html>
2. ҚР Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <http://www.zkoipk.kz/kz/ss3/874-conf.html>
3. // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: https://issuu.com/bekzhan90/docs/_____3_2016
4. // [Электрондық ресурс]. Көру режимі: <https://www.zharar.com/kz/4554-tarbie.html>

Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболит бұйымдарының технологиясы

Шадай Гүлзат, магистр, оқытушы;

Құдияр Сауран, студент

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Құрылыс материалдар мен бұйымдар индустриясы қазіргі кезде құрылыстың қарқынды дамуына елеулі әсер етуде. Сондықтан құрылыс нарығына сапалы құрылыс материалдармен қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Бұл еліміздің экономикалық дамуына әсер етеді. Еліміздің әлеуметтік экономикалық ахуалын жақсартудың бір жолы бұл тұрғын үй құрылысын, сонымен қатар жергілікті шикізаттардан құрылыс материалдарын өндіруді дамыту керек.

Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясының дамуы нарықтық жағдайға ауысуына байланысты зерттеушілердің алдына көптеген міндеттер қойды. Материалдық ресурстарды қолдану, үдемелі технологияны құрылыс материалдарын өндіруге енгізу, сонымен қатар арзан жергілікті шикізат материалдарын және әр түрлі өндіріс қалдықтарын кеңінен өндіріске қолдану.

Құрылыс материалдарының өндірісінде актуальды мәселелердің бірі болып жергілікті шикізат материалдарын қолдану, қорунемдеуші технология жасау. Олар негізінен жергілікті кондициялық емес шикізат ресур-

қауіпсіз орта құруды білдіреді. Отбасы — салыстырмалы түрде тәрбиенің тұйық институты, ата-аналардың тәрбиелік күш қуаты мен мүмкіндігінің әр түрлі деңгейде болатынын ескеру қажет. Сондықтан ата-аналармен жұмыста мектеп түрлі амалдар мен әдістерді саралап қолдану керек [4].

Сөзімді Мұхтар Әуезовтың сөзімен қорытындылағым келеді. «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Сондықтан еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік — отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік — мектеп. Ал мектеп, ондағы ұстаз яғни біз отбасындағы тәрбиені одан әрі қарай жалғастырып, өнегелі өмір тұғырынан түспей, мәртебесін төмендетпей, еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек еттік, етіп жүрміз, ете де береміз.

стары, өндіріс қалдықтарының химиялық-минералогиялық құрамдары ұқсас болып келуі қажет. Сондықтан табиғи шикізат материалдарын үнемдеу технологиясын жасау және жаңа құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету тиімді актуальды мәселе болып келеді. Оған арболит бұйымдарын жатқызуға болады [1].

Бұл құрылыс материалдары тек қана жеке тұрғын үйлерде емес сонымен қатар басқа бағыттағы ғимараттар мен имараттарда қолданылуда. Ұсынылып отырған жұмыста күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболитті өндіру кезінде ЖЭО күлі, күріш қауызы мен сабаны кешенді қолданылады және арболиттің беріктігін көтеру үшін механохимиялық активациялау жүргізіледі.

Қызылорда облысында күріш өсіру кеңінен қолданылады. Әр жыл сайын шикі күрішті өңдеу кезінде 45 мың тонна күріш кебегі бөлінеді. Күріш өңдеу қалдықтары мемлекетімізге үлкен шығын әкелетіні айтпасада белгілі.

Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің компоненттері өздерінің табиғатына және материалдың қасиетіне байланысты әр түрлі болып келеді. Осыған бай-

ланысты процесі белсендіруші және цемент тасына органикалық толтырғыштардың жабысу қатынасын жақсарту үшін күріш қауызын сулы ортада өңдеу және көп-компонентті байланыстырғыш затты механохимиялық активациялау арқылы арболиттің қасиеттерін жақсарту міндеті қойылды [2].

Отандық ғалымдардан С.Т. Сулейменов, Г.А. Батырбаев, А.А. Акшабаев, С.С. Удербаяев, А.Г. Есельбаева және тағы басқалар зерттеді. Олардың негізгі ғылыми еңбектердің ерекшелігі бұл Қазақстан Республикасының жергілікті шикізаттарынан арболит бұйымдарын шығару мәселесі тұрды [3].

Отанымыздың құрылыс индустриясының дамуы экологиялық-экономикалық жағынан зерттеушілердің алдына көптеген міндеттер қойды. Материалдық ресурстарды қолдану, үдемелі технологияны құрылыс материалдарын өндіруге енгізу, сонымен қатар арзан жергілікті шикізат материалдарын және әр түрлі өндіріс қалдықтарын кеңінен өндіріске қолдану. Осыған сәйкес Қызылорда облысы күріш егіншілігімен айналысуы кезінде көп мөлшерде күріш қауызы мен сабаны бөлінеді. Сол үшін осы қалдықтарды арболит өндірісінің технологиясын қолдану тиімді екені бірнеше зерттеулермен дәлелденді. Арболит тиімді жеңіл бетон түріне жатады және де жергілікті құрылыс материалы болып табылады. Бұл материалдың өндірісі негізінен ағашты өңдеу және ТЭЦ қалдығын, сонымен қатар ауыл шарушылық өндірісінің қалдықтарын қолдану арқылы алынады [4].

Арболитті өндіру технологиясы жалпы бетон және темір бетон технологиясына жалпы ұқсас болып келеді. ТМД елдеріндегі Арболитті өндіретін кәсіпорындар өзара әдістерімен және сұрыптау құрылғыларымен, дайындалатын өнімдердің номенклатурасының кеңдігімен, толтырғыш түрімен ерекшеленеді. Сонымен қатар қордағы шикізат заттары аз кететін, әрбір ауданға сол немесе басқа түрдегі толтырғыштарды қолдану сипаттамасы болады.

Арболит өндіру технологиясының негізгі бағыты төмендегі жағдайлар болып табылады:

— белгіленген қасиеті және цемент шығынын азайту бойынша арболитті алудың негізгі теориялық өңделуі;

— күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің физика — механикалық қасиеттерін жақсарту, беріктілігін, биотұрақтылығын, өртке тұрақтылығын және ұзақ мерзімді қолданылуын жоғарлату;

— арболитті өндіру үшін шикізат базасын кеңейтуді қарастыру.

Зерттеліп отырған жұмыстың мақсаты. Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболит бұйымдарының технологиясын жасау.

Осы жұмысқа байланысты төмендегідей міндеттер қойылды:

— Қызылорда облысының шикізат негізінде күріш қауызы мен сабанын кеңінен құрылыс материалдары саласында қолдану;

— Қызылорда облысы аймағының шикізаттарының сипаттамаларын зерттеу;

— Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің техникалық-экономикалық тиімділігін анықтау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. ЖЭО күлі, күріш қауызы мен сабаны, портландцемент пен керамзит ұнтағымен қоса бірге шарлы диірменде механикалық-химиялық активтендіру арқылы күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболит бұйымдарының маркалық беріктігін жоғарлатуға мүмкіндік береді [5].

Жұмыстың тәжірибелік маңызы. Көптоннажды ауылшаруашылық қалдықтары — күріш қауызы мен сабанын арболит технологиясында тиімді қолдану, сонымен қатар ұсынылып отырған шешімдер экологиялық және қоршаған ортаны қорғау жағынан оң нәтиже көрсетеді.

Жұмыста келесі қағидалар қорғалады:

— Қызылорда облысы өңірінің шикізаттарының сипаттамалары;

— Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің оңтайлы технологиялық параметрлері;

— Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің техникалық қасиеттері;

— Күріш қауызы мен сабаны негізіндегі арболиттің техникалық экономикалық көрсеткіштері және зерттеу жұмыстарының қорытындылары.

Әдебиет:

1. Акчабаев А. А. Основы прогрессивной технологии прессуемого арболита. Дисс. на соиск. уч. степени докт. техн. наук. — Санкт-Петербург, 1992. — 297 с.
2. Рыбьев И. А. Строительные материалы на основе вяжущих веществ: Искусственный строительный конгломерат. — М., ВШ, 1978.
3. Арболит. Сборник. Под ред. Г. А. Бужевича. — М.: Стройиздат 1968. — 185 с.
4. Удербаяев С. С. Эффективный строительный материал арболит на основе сельскохозяйственных отходов. — Алматы: Ғылым, 2008. — 192 с.
5. Арболит: проблемы и перспективы: Научно-темат. сб. Росколхозстройобъединение, проект.-технол. произв. объ-ие «Сельхозстройматериалы». — Саратов: Изд-во Саратов университета, 1982. — 79 с.

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

Международный научный журнал
Выходит еженедельно
№ 14.1 (200.1) / 2018

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметов И. Г.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Абдрасилов Т. К.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Калдыбай К. К.
Кенесов А. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кошербаева А. Н.
Кузьмина В. М.
Курпаяниди К. И.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матвиенко Е. В.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Паридинова Б. Ж.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.
Федорова М. С.
Фозилов С. Ф.

Яхина А. С.

Ячинова С. Н.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Ахмеденов К. М. (Казахстан)
Бидова Б. Б. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Демидов А. А. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешиев А. М. (Кыргызстан)
Жолдошев С. Т. (Кыргызстан)
Игиснинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Колпак Е. П. (Россия)
Кошербаева А. Н. (Казахстан)
Курпаяниди К. И. (Узбекистан)
Куташов В. А. (Россия)
Кыят Э. Л. (Турция)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Рахматуллин Р. Ю. (Россия)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Федорова М. С. (Россия)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)
Шуклина З. Н. (Россия)

Руководитель редакционного отдела: Кайнова Г. А.

Ответственный редактор: Шульга О. А.

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Бурьянов П. Я., Голубцов М. В., Майер О. В.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

почтовый: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231;

фактический: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; <http://www.moluch.ru/>

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Подписано в печать 18.04.2018. Основной тираж номера: 500 экз., фактический тираж спецвыпуска: 16 экз.
Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 25